

**ЖАЗУШЫЛЫҚ – ҚАСИЕТ ПЕН ҚАСІРЕТ**

6-БЕТ | МЕРЕЙ



**ҚАЙТА БАСТАЛҒАН ҚАҚТЫҒЫС**

7-БЕТ | ШАРТАРАП



**ТАРИХИ ЖЕҢІС**

12-БЕТ | СПОРТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біріккен Ұлттар Ұйымының негізінде жатқан бірлік пен ұжымдық ықпалдастық рухын жаңғыртайық. Жарқын әлем құруға деген ортақ мақсатымыз біздің әралуандығымыздан әрдайым биік тұруға тиіс екенін есте ұстайық. Қазақстан жарқын, әділетті және орнықты әлем құру ісінде БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің бәрімен ынтымақтастық орнатуға дайын.


№112
(4545)
Бейсенбі
21 қыркүйек
2023 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ




# «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – АҚШ» САММИТІ ӨТТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Нью-Йорк қаласына жұмыс сапары аясында Орталық Азия мен АҚШ мемлекеттері басшыларының саммитіне қатысты. Жиында C5+1 серіктестігі арқылы экономика, энергетика және қауіпсіздік салаларында Орталық Азияның егемендігін, орнықты дамуын және өркендеуін одан әрі нығайту үшін бірлесіп жұмыс істеу мәселесі талқыланды.

Саммитте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Джозеф Байденнен кейін сөйледі. Сонымен қатар шараға Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

Кездесу барысында стратегиялық серіктестікті, саяси диалогты, сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту, сондай-ақ Еуразия құрлығындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау мәселелері жан-жақты талқыланды.

Саммитте экономикалық ынтымақтастық мәселесіне, сондай-ақ американдық компаниялардың маңызды қазба байлықтарды игеру, жаңартылатын энергия көздері, өңдеу өнеркәсібі және басқа да бағыттарды дамыту мүмкіндіктеріне баса мән берілді.

Бұдан бөлек, пікірталас барысында қауіпсіздік проблемаларын, соның ішінде киберқауіпсіздік, терроризм, экстремизм, заңсыз миграция және есірткі тасымалы секілді қауіп-қатерлерді шешу үшін ынтымақтастықты нығайту перспективалары қарастырылды. Қазақстан Алматы қаласында Орталық Азия мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі аймақтық орталығын ашу ісінде АҚШ тарапының қолдауына сенім артатынын жеткізді.

2-3



## ЕЛОРДАДА 65 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Оқу-ағарту министрі мен Астана қаласының әкімі елордадағы білім беру инфрақұрылымын жетілдіру мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында Астана қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте «Астанада білім ошақтарының құрылысы баяу жүріп жатыр. Былтыр небәрі 3 мектеп салынды. 8 мектеп дер кезінде пайдалануға берілмеді. Соның кесірінен бала саны артық және үш ауысыммен оқытатын мектептер көбейді. Кей сыныптарда 30-дан астам бала оқиды. Бұл, әрине, білім сапасына кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектептерде орын жетіспейді. Әкімдік Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, мұның бәрін шешуге баса мән беруі керек. Жалпы, мектеп салу мәселесі бұл – стратегиялық міндет» деп айтқан болатын.

Бүгінгі таңда елордада мектеп құрылысы бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мәселен, 2023-2026 жылдар аралығында екі ауысымда оқытатын барлығы 177 мың орынға арналған 65 мектепті пайдалануға беру жоспарлануда.

*(Соңы 4-бетте)*





«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР


## АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНА АТТАНДЫ

23 қыркүйек-8 қазан аралығында Қытайдың Ханчжоу қаласында XIX жазғы Азия ойындары өтеді. Байрақты бәсекеде Қазақстаннан 524 спортшы қатысып, 30 спорт түрінен 305 алтын медаль үшін сынға түседі.

Туризм және спорт министрлігінің шешімімен Азиада чемпионы атанған спортшыға 10000 АҚШ доллары, алтын медаль иегерін жарысқа дайындаған жаттықтырушыға 5000 доллар, күміс жүлдегерге 5000 доллар, жаттықтырушыға 3000 доллар, қола жүлдегерге 3000 доллар, жаттықтырушысына 2000 доллар көлемінде ақшалай ынталандыру белгіленді.

Қазақстан құрамасы 1994 жылдан бері Азия ойындарына сегізінші рет қатысады.

Olympic Council of Asia


**23-24 ҚЫРКҮЙЕКТЕ**

Қазақ өнер университетінің **«Шабыт» сарайы** алдындағы алаңда Алматы және Жетісу облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі өтеді.

Жетісу өңірінің тауар өндірушілері ет пен балық, жарма мен сүт, көкөніс пен жемістің түр-түрін ұсынады. Жәрмеңкеде сатылатын азық-түлік бағасы нарықтағы бағадан төмен болады.



№112 (4545) 21/09/2023 Бейсенбі




# АДАМЗАТ СЫН-ҚАТЕРЛЕРМЕН БЕТПЕ-БЕТ КЕЛІП ОТЫР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Нью-Йорк қаласына сапарында БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясы аясында өткен жалпы дебатқа қатысты.

Ең биік халықаралық мінберде сөз алған Қазақстан Президенті адамзат баласы бұрын-соңды басынан өткермеген аса үлкен сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырғанын және геосаяси қақтығыстардың жаңа кезеңіне өткенін мәлімдеді.

– Бұған БҰҰ Жарғысындағы халықаралық құқықтың негізгі принциптерінің бір мезетте бұзылуы себеп болып отыр. Құқықтық темірқазықтың жойылуы қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіне уақыт өткен сайын ауыртпалық түсіріп, түрлі қарама-қайшылық тудырады. Басты халықаралық құқықтық құжаттардың тәртібін сақтамау, тоқтатып қою және оны тәрк ету тәжірибесі – өте алаңдатарлық жағдай. Өйткені мұның соңы адамзаттың араздығына әкелуі мүмкін. Бұл жағдай сауда жүйесін бұзады, экономиканың өзегі саналатын тасымал тізбегін әлсіретеді, сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігіне зардабын тигізіп, инфляцияның қарқынын күшейтеді. Қазіргі қалыптасқан кері үдеріс адамдардың қайғысын қалыңдата түседі. Әлемде 108 миллион адам мәжбүрлі түрде босқынға айналды, 1 миллиардтан астам адам кедейлікте өмір сүріп жатыр, 2 миллиард адам негізгі дәрі-дәрмектерге қол жеткізе алмай отыр. Ақыр соңында адамзат болашақта әлемнің тұрақты дамуына сенімін жоғалтуы ықтимал. Өскелең ұрпақ өздеріне мұра болып қалатын әлемнің енді жақсаратынына сенбейді. Сондықтан Қазақстан БҰҰ Жарғысының қағидаттарына өзінің мызғымас адал екенін тағы бір рет мәлімдейді, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, БҰҰ Бас Ассамблеясына жиналған көшбасшылар адамзаттың тағдыры мен болашағына жауапты.

– Диалог – жаңа принциптер мен нормалар бойынша келісімге қол жеткізуге мүмкіндік беріп, қолайлы орта қалыптастырудың жалғыз жолы. Қабылданып жатқан барлық шешімге қарамастан, әлемнің көптеген аймағында қақтығыстар жалғасып жатыр. Біз барлық тарапты БҰҰ Жарғысы мен халықаралық құқықтың жалпыға бірдей нормаларын негізге ала отырып, қақтығыстарды реттеудің дипломатиялық жолын іздеуге шақырамыз. Осы орайда Қазақстан Украина дағдарысын саяси реттеуді қолдайтын түрлі мемлекеттер мен елдер топтары ұсынған барлық бастамалар мен жоспарларды жоғары бағалайды. Халықаралық дауларды шешуде әрқашан дипломатия мен диалог басшылыққа алынуы керек. Сондықтан біз қазіргі жаһандық институттардың жалғыз жүйесін тұрақтандыруға барынша күш салуымыз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесіне жан-жақты реформа жасамай, бұл қиындықтар еңсерілмейтінін мәлімдеді.

– Кеңесте «орта державалардың» және барлық дамушы елдердің үні күшейетініне, анық естілетініне кәміл сенемін. Байқауымызша, Қауіпсіздік Кеңесі тығырықтан шыға алмайтын сияқты. Сондықтан бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда маңызды рөл атқара алуы үшін оның құрамында басқа елдер, соның ішінде Қазақстан да болуы керек. Біздің өңірде Ұйымға мүше мемлекеттердің ықпалдастығының жандануы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті құрлықтағы делдалдық пен бітімгершілікке үлес қосуға қабілетті толыққанды халықаралық ұйымға айналдыруда оң ықпал етті. Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымының қазіргі төрағасы ретінде Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы бастама көтерді. Біз сіздерді осы игі іске қосылуға шақырамыз. Бұл – жаңа қауіпсіздік парадигмасын, әділ экономикалық ортаны және таза планетаны қамтитын бастама. Жаһандық Оңтүстік пен жаһандық Солтүстік арасында ашық диалог орнату – оның негізгі арқауы, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, адамзат бетпе-бет келген барлық сын-қатерлердің ішінде ядролық қаруды қолдану қаупі ең жойқыны болуы мүмкін. 30 жыл бұрын Қазақстан Кеңес өкіметінен мұраға қалған төртінші ядролық арсеналынан өз еркімен бас тартты.

– Сондықтан ядролық күн тәртібінің логикасын қайта қарау керек. Ядролық державалар арасында ядролық қарудан ада әлем құру жолында өзара сенім мен ынтымақтастық болғанда ғана жаһандық тұрақтылықты қамтамасыз ете аламыз. Осыған байланысты Қазақстан Ядролық қаруға тыйым салу туралы шартты қатаң сақтайтынын мәлімдейді. Біз қарусыздану және қаруды таратпау саласы бойынша жаңа тетіктерді дамытуды қолдаймыз. 2045 жылға қарай ядролық қарудан толық бас тартудың стратегиялық жоспары қазіргі көшбасшылардың жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан ең маңызды үлесі болуы мүмкін, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы COVID-19 пандемиясының ауыр салдары болашақ биологиялық қауіп-қатерлер алдында дәрменсіз екенімізді көрсетіп бергеніне назар аударды. Осыған байланысты Қазақстан Ассамблеяның Бас хатшысы мен Төрағасына Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру процесін бастау туралы үндеу тастады.

– Біз Бас хатшы ұсынған «Бейбітшіліктің жаңа күн тәртібін» қолдаймыз. Бұл стратегиялық құжат әлемде белең алған сенімсіздік пен өшпенділікке қарсы тұруы керек. Қазақстан келесі жылы өтетін Болашақ саммитінде Болашақ пактісін қабылдау ісінде қолдаушы рөлін атқарады. Бірақ қару-жараққа тыйым салумен немесе декларацияға қол қоюмен ғана бейбітшілік орнамайды. Бейбітшілік мәдениетін қалыптастыруда дінаралық және конфессияаралық диалог аса маңызды. Жуырда қасиетті кітаптарға құрметсіздік таныту актілері болды. Біз осы жағдайға алаңдаушылық білдіреміз. Исламға және басқа да діндерге қатысты жасалған мұндай тағылық әрекеттерден еркіндіктің, сөз бостандығының және демократияның нышаны білінбейді. Құран секілді қасиетті кітаптардың бәрі вандализмнен құқықтық тұрғыда қорғалуға тиіс. Түптеп келгенде, бейбітшілік мәдениеті тек «бірлігіміз – әралуандығымызда» және өзара құрмет қағидаттарына негізделе алады. Сондықтан мен Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің елеулі рөлін мақтан тұтамын, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Қазақстан – өзінің ұлттық мүддесін көздей отырып, өзекті халықаралық мәселелерді шешудің үнемі бейбіт жолын іздейтін мемлекет.

– Тәуелсіздік, аумақтық тұтастық және егемендік – мұның бәрі халқымыз қазір де, келешекте де басшылыққа алатын мызғымас қағидалар. Біз барлық стратегиялық мәселе бойынша негізгі одақтастарымызбен қарым-қатынасымызды жалғастыра береміз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент даму құқығын қамтамасыз ете отырып, жаһандағы өзекті мәселелерді шешуге ықпал ететін жаңа бағамдар керек екенін атап өтті.

– Ол үшін Дүниежүзілік сауда ұйымының қағидаттары мен ережелеріне негізделген ашық, анық әрі инклюзивті көпжақты сауда жүйесі қажет. Сонымен қатар бізге жаһандық азық-түлік қауіпсіздігінің анағұрлым мінсіз жүйесін құруды ойластырған жөн. Былтыр дүние жүзі халқының 10 пайызға жуығы аштықпен бетпе-бет келді. Өндіріс көлемін және азық-түлік тауарларының экспорты мен импортын қоса алғанда, азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ақпаратпен еркін алмасу ісін жандандыру қажет. Біз халықаралық қауымдастықтың азық-түлік дағдарыстарына төтеп беру шараларын қаржыландыруына ашық мониторинг жүргізуді бірлесіп қамтамасыз етуіміз керек. Қазақстан азық-түлік жеткізуші аймақтық хабқа айналуға дайын. Ол үшін бізде барлық қажетті ресурс, инфрақұрылым және логистика бар. Еліміз қазірдің өзінде Еуропа мен Азия арасындағы құрлықтық жүк тасымалының 80 пайызға жуығы өтетін сенімді бағыт саналады. «Орта дәліз» аталатын Транскаспий халықаралық көлік бағдары Шығыс пен Батыс арасындағы өзара қатынастарды едәуір нығайта алады. Бұл көлік бағдары маңызды нарықтар арасындағы сауда қарқынын ұлғайтып, теңіз жолымен жүк тасымалдауға кететін уақытты екі есеге жуық қысқартуға мүмкіндік береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы климаттың өзгеруімен күрес жөніндегі мәселеге баса мән берді.

– 2030 жылға қарай жаһандық температураның 1,5 градусқа көтерілуін шектей алғанның өзінде, Орталық Азиядағы температураның 2-2,5 градусқа дейін көтерілуімен бетпе-бет келеміз. Климат жөніндегі Париж келісімі аясында ауқымды жұмыс атқарылғанына қарамастан, біз барлығымыз көміртегісіз келешекке ұмтылысымыздан айнымауымыз қажет. Климат мәселесін сауда және инвестициялық ынтымақтастықты шектейтін шаралар үшін пайдаланбау керек. Керісінше, біз БҰҰ айқындаған Климат өзгерісімен күрес жөніндегі оң шаралар сияқты нәтижелі өзгерістерге баса мән беруге тиіспіз. Мұнда «жасыл» экономикаға негізделген жұмыс орындарын ашуға инвестиция құю, қазба отындарын пайдалануды субсидиялауды тоқтату және климаттағы өзгеріске қарсы күрес әрекеттерінің барлық деңгейінде әділеттілікті, инклюзивтілікті және әйелдердің қатысуын қамтамасыз ету шаралары қамтылады. Алайда тиісті қаржыландыру болмаса, климаттың өзгеруімен күрес жөніндегі ауқымды жоспар жүзеге асырылмайды, – деді Президент.

Қазақстан тарапы Әділетті энергетикалық жүйеге көшу бағдарламасын (Just Energy Transition Partnership) іске қосуды ұсынды. Мемлекет басшысы көмірді пайдаланудан кезең-кезеңімен, орнықты және әлеуметтік жауапкершілікті ескере отырып бас тарту климаттың өзгеруіне қарсы күреске арналған жаһандық мақсаттарға жетуді едәуір ілгерілететінін жеткізді.

– Алматыда Орталық Азия үшін климат өзгерісі мен жасыл энергетика бойынша Жобалық кеңсе ашу жөніндегі Қазақстанның бастамасы осы мәселелерді шешуге ықпал ете алады. Біз 2026 жылы БҰҰ аясында Қазақстанда Аймақтық климаттық саммит өткізуді жоспарлап отырмыз, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Орталық Азия өңіріндегі су тапшылығы трансшекаралық өзендер бассейнінде күрделі экономикалық және басқа да мәселелер туындатып отырғанына назар аударды. Мұндай жағдай келешекте бүкіл әлемде байқалады. 2040 жылға қарай суға жаһандық сұраныс ұсыныстан 40 пайызға асып кетуі мүмкін.

– Біз климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі шаралармен бірге осы бір маңызды жаһандық мәселені шешу үшін саяси күш-жігеріміз бен экономикалық ресурсымызды жұмылдыруымыз керек. Келесі жылы Қазақстан Халықаралық Аралды қорғау қорына төрағалық етеді. Біз қоршаған ортаның одан әрі тозуына жол бермеу және бір кездері планетамыздағы аумағы жөнінен төртінші орында тұрған көлдің айналасындағы тіршілікке кері әсерін болдырмау жұмыстарын жалғастырамыз. Қазір әлемдегі ең ірі көл – Каспий теңізі де суының тартылуы, су арналарының бұрылуы, флорасы мен фаунасының ластануы сияқты экологиялық мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Каспий теңізін құтқару мәселесі ұзақмерзімді халықаралық ынтымақтастықты қажет ететін ортақ басымдыққа айналуы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан Орталық Азия елдерімен көпжақты ынтымақтасты одан әрі нығайтуға ниетті екенін айтты. Аймағымыз халықаралық қауымдастықтың «біртұтас әрі дербес» бөлігі ретінде маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ дамудың жаһандық процестеріне өз үлесін қоса алады. Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстан тұрақты, өркендеген мемлекетке және сенімді сауда серіктесіне айналуы керек деп санайды. Осы орайда ол Алматыда Орталық Азия және Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын ашу туралы бастаманы қолдауға шақырды.

Бұдан бөлек, Президент жиын қатысушыларына Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар, Конституцияға енгізілген түзетулер, елдегі саяси-экономикалық жүйенің жаңғыруы жөнінде қысқаша мәлімет берді. Сондай-ақ елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың түп негізінде әділдік, теңдік, адалдық пен еркіндік қағидаттары жатқанын жеткізді.

– Менің пікірімше, кез келген жағдайда заң үстемдігін сақтау бәрінен басым тұруы қажет. Саяси реформалар мен адами капиталды дамытуға жұмсалатын инвестиция ғана экономикамызды әлдеқайда мықты әрі тұрақты ететінін жақсы түсінеміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан гендерлік теңдікті қамтамасыз ету, әйелдер мен қыздардың құқықтарын және мүмкіндіктерін кеңейту тұрғысынан едәуір ілгерілеген. Президент жуырдағы Жолдауында, ең алдымен, азаматтарымыздың лайықты өмір сүруіне қажетті мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған жаңа экономикалық саясатты ұсынғанын атап өтті.

– Өскелең ұрпақтың денсаулығы, әл-ауқаты және сапалы білім алуы Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдығы саналады. Мен елімізді баянды болашаққа жетелейтін жастарға зор сенім артамын. Елімізде және шетелдерде кемел келешек үшін аянбай еңбек етеміз. Біріккен Ұлттар Ұйымының негізінде жатқан бірлік пен ұжымдық ықпалдастық рухын жаңғыртайық! Жарқын әлем құруға деген ортақ мақсатымыз біздің әралуандығымыздан әрдайым биік тұруға тиіс екенін есте ұстайық. Қазақстан жарқын, әділетті және орнықты әлем құру ісінде БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің бәрімен ынтымақтастық орнатуға дайын, – деп сөзін қорытындылады Қасым-Жомарт Тоқаев.

# ОРНЫҚТЫ ДАМУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мажарстан Президенті Каталин Новакпен бірге БҰҰ-ның «Орнықты даму мақсаттарына (ОДМ) қол жеткізу жолындағы прогресті жеделдетудің негізгі өтпелі процестеріне қатысты ауқымды іс-қимылдарды жандандыру» атты көшбасшылар диалогының бірінші сессиясында төрағалық етті.

Мемлекет басшысы өз сөзінде Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі күн тәртібі бүгінгі өскелең ұрпақтың жарқын болашақ құруына берілген бір ғана мүмкіндік екенін атап өтті.

– Геосаяси қақтығыстарға байланысты шиеленісе түскен қазіргі жаһандық сын-қатерлер біздің ұжымдық күш-жігерімізге нұқсан келтіріп отыр. Бұл кедергілерді еңсеруге жекелеген мемлекеттің шамасы жетпейді. Әлемдік қоғамдастықтың бірлігінің арқасында ғана елеулі жетістіктерге қол жеткізе аламыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.




Президенттің айтуынша, Қазақстан үшін Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу – ұлттық басымдық.

– Орнықты даму қағидаттары біздің негізгі ұлттық стратегияларымыз бен бағдарламаларымыздың өзегіне айналды. Бүгінде орнықты болашаққа белсенді түрде инвестиция құйып отырмыз. Мемлекет бюджетінің 80 пайызы орнықты даму мақсаттарына сай келеді. Біз тегін білім алудың және денсаулық сақтаудың баршаға қолжетімді болуын қамтамасыз етеміз. Жаңа Әлеуметтік кодекске халықтың осал топтарын қорғау шаралары күшейтілді, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, баршаға ортақ орнықты болашаққа қол жеткізу үшін шұғыл түрде бірлескен іс-қимылдар қажет. Осыған байланысты Мемлекет басшысы бірқатар ұсыныс айтты.

– Өзара ынтымақтастықты нығайту үшін аймақтық деңгейде «Біртұтас БҰҰ» қағидатын күшейту қажет. Сондықтан біз Қазақстанда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі Аймақтық хаб құруды ұсынамыз. Ол БҰҰ-ның аймақтағы жобалық қызметін тиімді үйлестіруді қамтамасыз етеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент саммитке қатысушыларға халықаралық қаржы архитектурасына тың серпін беруді ұсынды. Оның айтуынша, ОДМ-ға қол жеткізу үшін қаржы жүйесі таңдаулы ғана елге емес, барлық мемлекетке теңдей ықпал етуі қажет. Экология, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы проблемаларды шешу үшін орасан зор қаржы керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев климат, азық-түлік және энергетика дағдарысы орнықты дамуға айтарлықтай қауіп төндіретініне тоқталды.

– Біз БҰҰ-ның басшылығымен техникалық қолдау, ғылыми зерттеулер және қауіп-қатерлерді бағалау салаларындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға тиіспіз. Орнықты даму саласындағы мақсаттар бәріміз үшін жарқын әлемге жол ашады. Біз бірігуіміз және күш-жігерімізді арттыруымыз қажет. Қазақстан БҰҰ-ның орнықты даму саласындағы тегеурінді әрі тиімді рөлін әрдайым жақтайды, – деді Президент.

Сонымен қатар сессия барысында Мажарстан Президенті Каталин Новак, Хорватия Президенті Зоран Миланович, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, ОАР Президенті Сирил Рамафоса, Аустрия Президенті Александр Ван дер Беллен, Перу Президенті Дина Болуарте, Гайана Президенті Ирфан Али, Микронезия Президенті Уэсли Симина, Солтүстік Македония Президенті Стево Пендаровски, Финляндия Президенті Саули Ниинистё және басқалар сөз сөйледі.

# БАС ХАТШЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бас Ассамблеяның 78-сессиясы аясында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутеррішпен кездесті.

Тараптар Қазақстанның БҰҰ-мен жан-жақты ынтымақтастығының басым бағыттарын, сондай-ақ қазіргі заманның өзекті сын-қатерлерін талқылады.



БҰҰ Бас хатшысы Қазақстан Президентіне ілтипат білдіре отырып, екіжақты серіктестіктің қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

– Қазақстан мен БҰҰ бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту, Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу және адам құқығының сақталуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастықты жалғастыра береді. Қазақстан – біз үшін мультилатерализмнің тірегі, жаһандық деңгейдегі бейбітшілік қорғаны ретінде басымдыққа ие серіктес ел, – деді Антониу Гутерриш.

Өз кезегінде Қасым-Жомарт Тоқаев Антониу Гутерриштің БҰҰ Бас хатшысы ретіндегі қызметіне жоғары баға беріп, оның бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-әрекеттерін одан әрі қолдауға дайын екенін растады.

Қазақстан Президенті қазіргі заманның ең өзекті проблемаларын шешуде БҰҰ айрықша рөл атқаратынын және оның ешқандай баламасы жоқ екенін айтты. Сондай-ақ Мемлекет басшысы БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутеррішке ұйым қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі ой-пікірін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Нью-Йоркқа жұмыс сапары Корея Республикасының Президенті Юн Сок Ёльмен кездесумен қорытындыланды. Әңгімелесу барысында қазақ-корей стратегиялық серіктестігін одан әрі дамыту перспективалары талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасында достық қарым-қатынастар орнағанын және қарқынды дамып келе жатқан экономикалық байланыстардың маңызы зор екенін атап өтті.

# ЕКІЖАҚТЫ КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗДІ

Қазақстан Президенті екіжақты тауар айналымы былтыр 6 миллиард доллардан асып, тұрақты өсім байқалып отырғанын айтты. Сонымен қатар корей компанияларының Қазақстан экономикасына салған инвестицияларының жалпы көлемі 8 миллиард доллардан асып, еліміздегі ең ірі 10 инвестордың қатарында нық тұрғанын жеткізді.

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде Қазақстанда 700-ден астам кореялық компания мен бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Мысалы, еліміздің нарығында KIA, Hyundai, Samsung, LG және басқа да компаниялар белсенді қызмет етіп жатқанын айтуға болады.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев сирек металдар өндірісін, атом энергетикасын дамыту салаларындағы экономикалық ынтымақтастықтың перспективті бағыттарына тоқталды.

Корея Президенті Юн Сок Ёль Қазақстанмен өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге мүдделі екенін жеткізді. Оның айтуынша, кореялық компаниялар машина жасау, тау-кен өнеркәсібі, атом энергетикасы салалары бойынша жүзеге асырылып жатқан жобаларды кеңейтуге және жаңа жобаларды қолға алуға ерекше қызығушылық танытады.

***

Мемлекет басшысы Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсухпен келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясының аясында Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсухпен кездесті.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Моңғолия арасындағы тығыз әрі дәстүрлі достық қарым-қатынасты атап өтті. Сондай-ақ екіжақты байланыстарды стратегиялық серіктестік деңгейіне дейін кеңейту мүмкіндігіне назар аударды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық ықпалдастыққа тың серпін беру үшін Үкіметаралық комиссияның жұмысын жандандырып, Қазақстан мен Моңғолияның Іскерлік кеңесін құру қажет екенін айтты. Кездесу соңында президенттер жақын арада бір-бірінің еліне сапармен бару мүмкіндігін талқылады.

***

Мемлекет басшысы Кения Республикасының Президенті Уильям Рутомен кездесті. Кездесу барысында Кениямен сауда-экономикалық қатынастарды кеңейту мәселелері талқыланды. Президент Кенияны Африка құрлығындағы қарқынды дамып келе жатқан елдердің бірі ретінде атап өтіп, өзара ынтымақтастықты дамытуға ерекше қызығушылық туғызатын мемлекет екенін жеткізді.

– Мен Кенияның даму барысын, экономикалық және сыртқы саясатын қадағалап отырамын. Сондай-ақ Қазақстан мен Кения арасындағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру үшін бірлесе әрекет етуге дайынмын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Уильям Руто қазақстандық компанияларды Кения экономикасына белсенді түрде инвестиция құюға, соның ішінде астық терминалын салу арқылы Момбаса портын кеңейту мүмкіндігін қарастыруға шақырды. Мемлекет басшысы өзара ынтымақтастықты нығайтудың мүмкіндіктерін зерттеу үшін Кенияға сауда миссиясын жіберуге ниетті екенін айтты. Сонымен қатар Президент Африка мемлекеттерімен екіжақты деңгейде және көпжақты бірлестіктер аясында, ең алдымен, БҰҰ шеңберінде өзара байланысты дамытудың маңыздылығын атап өтті. Мемлекет басшысы Уильям Рутоны келесі жылы Қазақстанға сапармен келуге және Астана халықаралық форумына қатысуға шақырды.

***

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясы аясында Португалия Президенті Марселу Ребелу де Соузамен кездесті. Мемлекеттер басшылары екі елді достық қатынастар мен өзара тиімді ынтымақтастық байланыстыратынын атап өтті. Тараптар инвестиция, су ресурстарын басқару, туризм және басқа да салалардағы жан-жақты қатынастарды одан әрі арттыру үшін зор әлеует бар екенін айтты. Цифрландыру саласындағы өзара іс-қимылды нығайту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

«Сіздің елдің IT саласындағы тәжірибесі мол. Осы бағыттың болашағы зор екенін ескере отырып, мен Лиссабонға бірлескен жобаларды іске асыру мүмкіндігін зерделеу үшін арнайы делегация жіберемін. Қазақстан португалиялық серіктестермен тығыз байланыс орнатуға мүдделі» деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар тараптар халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылады. Жаһандық ұйымдар аясында, ең алдымен, БҰҰ шеңберінде өзара іс-қимылды жалғастыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.



# ТӨРТ ЖЫЛДА 65 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елордада білім беру инфрақұрылымын дамыту мәселелерін талқылады. Бұл ақпаратты қалалық әкімдіктің баспасөз қызметі таратты.

Әсіресе сапалы білім беру қызметінің қолжетімділігі, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, үш ауысымда оқытатын мектептерді жою, қалада жаңа білім ошақтарын салу, жақын қашықтықта балабақшалар желісін кеңейту және педагог кадрларын даярлау мәселелері қаралды.

Үш ауысымды мектептер мәселесін шешу үшін биылдың өзінде елордада 11 мектептің, соның ішінде Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен 13600 орындық 10 мектептің құрылысы басталды. 2023-2026 жылдар аралығында екі ауысымда оқытатын барлығы 177 мың орынға арналған 65 мектепті пайдалануға беру жоспарлануда.

– Өскелең ұрпақтың қауіпсіз және жайлы ортада жан-жақты дамуын қамтамасыз ету – біздің міндетіміз. Министрлік өз тарапынан негізгі мәселелерді шешу барысында Астана әкімдігіне қолдау көрсетуге дайын. Білім беру инфрақұрылымын дамытумен қатар жоғары білікті кадрларды қалыптастыруға ерекше көңіл бөліп келеміз, – деді Ғани Бейсембаев.

Бұған дейін Оқу-ағарту министрі елордадағы бірқатар мектептерді, соның ішінде үш ауысымда оқытатын білім ошақтарын жеке өзі тексерген болатын. Ата-аналар қауымымен кездесулер өткізіп, білім беру ұйымдарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету, тегін тамақтандыру мен балалар үшін жайлы жағдай ұйымдастыру мәселелерін талқылады. Елордада барлығы 171 мектеп бар, онда 260 мыңнан астам бала оқиды.

# ҚАЛА СӘНІ – КӨКЖЕЛЕК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласын дамыту мәселесі жөнінде кеңесте елорданы көгалдандыру мен абаттандыруға ерекше мән беруді тапсырды. Бүгінде осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

– Мердігер компанияларға құрылыс сапасымен бірге қажетті инфрақұрылым – аулаларды абаттандыру және аумақты көгалдандыру міндетін жүктедік. Осылайша биыл қолданысқа берілетін тұрғын үй кешендерінің аумағын көгалдандыру жоспарын қайта қарап, жасыл желектің санын 2,5 есе арттырдық, – деді қала әкімі Жеңіс Қасымбек.

Биыл қала аумағында 1 миллионнан астам жасыл желек, түрлі көшеттер мен көпжылдық гүлдер отырғызу жоспарланды. Есіл және Ақбұлақ өзені бойындағы саябақтарға жөндеу жұмысы жүргізілді. Оған құрылыс компаниялары да үлес қосады. Биыл жеке құрылыс салушылар өздерінің тұрғын үй кешенінің аумағында 100 мыңнан астам жасыл желек отырғызады.

– Өз тарапымыздан қаланы абаттандыру жұмысын жалғастырамыз. Биыл абаттандырылған аулалар мен қоғамдық кеңістіктер (саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар) саны 165-тен асады. Мәселен, Қ.Мұңайтпасов, Бейбітшілік бойында жаяу жүргіншілерге арналған променадтар ашылса, «Амман» және «Абылай хан» көпірлерінің астында жаяу жүргіншілер өткелі жасалды.



Олар Ақбұлақ өзенінің бойындағы саябақ кластерлерін біріктірді. Орталық жағалаудағы тарихи көшелер жаңаруда. «Журналистер аллеясы», Салтанат қақпасы жанындағы алаң және тағы басқасы абаттандырылды, – дейді шаһар басшысы.

# МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ



Астана қаласы Білім басқармасының қолдауымен «Elorda Aqparat» медиахолдингі «Мектеп және медиасауаттылық» жобасын бастады. Мақсат – елордадағы мектептермен әріптестік байланысты арттыру, мұғалімдер арасында авторлар тарту, журналист болуға ниетті жасөспірімдерді қолдап, шығармашылық қабілетін шыңдау.

Серіктестік басшысы Олжас Сыдықбек Абай атындағы №87 мектеп-гимназиясына, «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы Еркін Қыдыр Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясына бастап барып, оқушылармен, оқушылармен кездесті.

Астана қаласындағы 100-ден астам мектептің ішінен Абай мен Мұхтар Әуезов атындағы мектепті бірінші таңдап алудың символикалық мәні бар. Абай Құнанбайұлы мен Мұхтар Әуезов есімі ұлттық сана-сезім мен ақыл-ойдың қайнар көзіне айналды. Біріншісі ақындық өнердің ғаламат құдіретін танытса, екіншісі жазу өнерінің шыңын бағындырды.

Тарихи тұлғалардың есімімен аталатын мектептің ұжымы да, оқушылары да осал болмайтыны анық. Еркін форматта өрбіген кездесуде әлеуметтік медиада ақпарат алмасу мен тарату, қарым-қатынас орнату жолдары туралы ойлар ортаға салынды. Фейк жаңалықтарды нақты фактілер арқылы тексерудің маңызы айтылып, ақпараттық тасқын күшейген тұста пайдалы ақпарат алудың маңызы сөз болды. Қысқасы, журналистер өз тәжірибесімен бөлісті.

Белгілі журналист Еркін Қыдыр күнделікті газет пен кітап оқу дағдысының маңызына тоқталып, елордалық газет ұжымы жасөспірімдерге жазу қабілетін шыңдауға қашанда дайын екенін айтты.

Кездесуді қорытындылаған «Elorda Aqparat» ЖШС бас директоры Олжас Сыдықбек «Ел жүрегі – елорда» атты шығармалар байқауы басталғанын жариялады. Оған 15 қазанға дейін елордадағы білім ордаларының 7-11-сынып оқушылары өз шығармасын ұсына алады.

ҮНДЕУ

# «ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ» ШАРАСЫНА БЕЛСЕНДІ АТСАЛЫСАЙЫҚ!

**Құрметті қазақстандықтар!**

1 қазан – Халықаралық қарттар күні жақындап келеді. Бұл күн – біздің аға буынға ризашылығымызды білдіріп, шынайы көңіл бөлуімізге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қажеттіліктеріне назар аударуға жақсы себеп. Қарияларды қолдау, оларға қамқорлық көрсету – аға буынға көрсеткен парызымыздың аз ғана бөлігі. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен жылдар бойы елімізде қазан айы «Қарттарға қамқорлық» жүйесіна ұласып келеді. Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тыңдап, алдынан кесе-көлденең өтпеген. Елімізде қарт адамдарға деген қамқорлық жыл сайын артуда. Жасының егде тартуына, денсаулығының сыр беруіне байланысты қарттардың көптеген шешілмеген мәселесі туындайтынын білесіздер, сондықтан оларға қолдау көрсету – туған-туысы мен барша қоғамның міндеті.

Мемлекетіміз қарт адамдарға деген қамқорлықты экономикалық дағдарыс кезінде де тоқтатқан емес. Дегенмен елімізде әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар бар.

Кейбір қариялар жасы ұлғайған шағында жан жылуы пен мейірімге зәру. Барлық қазақстандықтарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін аға буынның ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұлықтауға, «Қарттарға қамқорлық» айлық акциясына атсалысуға шақырамыз.

Республикамыздағы атқарушы органдарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылымдарын, еріктілерді қарияларға, әсіресе мүгедек ардагерлерге, жалғызбасты зейнеткерлерге, аз қамтылған қарттарға арнайы көңіл бөлуге үндейміз. Оларға материалдық тұрғыдан қол ұшын созуға, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына қолдау көрсетуіңізді сұраймыз. Өз елінің патриоты ретінде акцияға бей-жай қарамайтын азаматтар жергілікті әкімдіктермен, өңірлік Ардагерлер кеңесімен байланысқа шығып, үлес қосады деген үміттеміз.

**«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі**

Бас қаладағы «Rixos» қонақүйінде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті (ҚАТЗУ) П.Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университеті (РХДУ) және В.Горбатов атындағы РҒА-ның азық-түлік жүйелері федералды ғылыми орталығымен бірлесіп ұйымдастырған халықаралық конференция өтуде.

# ТАМАҚ ӨНІМДЕРІНІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАНДАЙ?

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Төрт күн бойы әлемнің әр қиырынан келген 40-тан астам жетекші ғалымдар, саясаткерлер, Парламент депутаттары, сондай-ақ азық-түлік сапасы бойынша сарапшылар, бизнес көшбасшылары, Ресей және Қазақстан ауыл шаруашылығы министрліктерінің өкілдері, елшілер, жоғары оқу орындарының ректорлары, ауыл шаруашылығы мамандары адамзат үшін ең өзекті тақырыптарды ашық талқылайды.

Конференцияның әртүрлі сессияларында сарапшылар азық-түлік сапасы мен қауіпсіздігі мәселелері бойынша зерттеулер мен әлеуметтік сауалнамалар нәтижелерімен бөлісті. Жиын жаһандық азық-түлік мәселелері бойынша терең диалог жүргізуге және дәйекті шешімдер табуға тамаша мүмкіндік туғызатыны анық.

«Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі деген ұғымның маңызы аса зор. Өйткені күнделікті өзіміз тұтынатын тамақ өнімдері бір сәттік қана нәрсе емес. Олар ұзақ сақталмайды әрі тірі организм. Қазір біз жаһандану ғасырында өмір сүреміз. Азық-түлік өнімдері бір елден екінші бір елге көп тасымалданады. Олардың табиғи қалпын сақтап, бүлдірмей қалай жеткіземіз? Бұл – өзекті мәселе. Сондай-ақ тамақпен бірге түрлі аурулар да таралады. Олардың жолына тосқауыл қоямыз десек, бәріміз бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ортақ іс-әрекет жасауға тиіспіз. Астанадағы жиында осындай күрделі, түйткілді мәселелерді ашық талқылап, әркімнің ой-пікірін тыңдап, соңынан белгілі бір ортақ келісімдерге келеміз» деді П.Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университеті агробиотехнология департаментінің директоры, профессор Елена Макина.

# ҮЛЕСКЕРДІ АЛДАҒАНДАР ҰСТАЛДЫ

Астана қаласының прокуратурасы уәкілетті органдармен бірлесіп, үлестік құрылыс саласында тұрақты негізде жұмыс жүргізіп жатыр.

Елордада 149 құрылыс компаниясы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. 4 құрылыс салушы сотталды. 2019 жылдан бері проблемалы жылжымайтын мүлік саны 150-ден 32-ге, ал алданған үлескерлер 16 мыңнан 4 мыңға дейін қысқарды.

Осы кезеңде прокуратура 4993 үлескердің мүддесіне 48,5 млрд теңгеге 125 талап-арыз жолдады. Уәкілетті органмен 2019-2023 жж. үлескерлерден ақша тартуға құқығы жоқ 149 компания әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Бүгінде полицейлермен 10 тұрғын үй кешенін салушы компания басшыларына қатысты 7 қылмыстық іс тергелуде. 5 адам қамауға алынды.

**IMD ЦИФРЛЫ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ИНДЕКСІН ЖЫЛ САЙЫН ЖАҢАРТЫП ОТЫРАДЫ. 2021 ЖЫЛҒЫ ЗЕРТТЕУ ӘЛЕМНІҢ 64 ЕЛІН ҚАМТЫП, АЛҒАШҚЫ БЕСТІККЕ ДАНИЯ, ГОНКОНГ, ШВЕЦИЯ ЖӘНЕ СИНГАПУР ЕНДІ**



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында алдымызға IT-елге айналу міндетін қойды. Қазір әлемнің озық елдері цифрлану бәсекесіне түсіп, ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамытуға барынша күш салуда. Ал IT саланың даму деңгейі киберқауіпсіздік индексі, электронды үкіметтің қызмет көрсету деңгейі және цифрлы бәсеке рейтингісі бойынша сараланады.

# ЦИФРЛЫ ТРАНСФОРМАЦИЯ – ДАМУДЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

**КИБЕРҚАУІПСІЗДІК – ҚАЖЕТТІЛІК**

Жаңа технологияны әзірлеу мен енгізуде деректердің құпиялылығын және сыртқы шабуылдан қорғауды қамтамасыз ету маңызды. Бұл – ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан алғанда басты қажеттілік. Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) халықаралық электр байланыс одағы (ХЭО) киберқауіпсіздік деңгейін бағалауға жауапты. 2015 жылдан бастап жаһандық киберқауіпсіздік индексі (GCI) әлем елдерінің киберқауіпсіздік деңгейін анықтайды. Халықаралық ұйым елдердің киберқауіпсіздігін бағалағанда құқықтық, техникалық, ынтымақтастық шараларын саралайды. Бұған ұйымдастыру және халықаралық аренадағы қызметі де кіреді.

Киберқауіпсіздігі жоғары елдер қатарында АҚШ, Ұлыбритания, Сауд Арабиясы, Эстония және Оңтүстік Корея көш бастайды. ТМД елдерінің арасында Қазақстаннан жоғары рейтингте Украина, Ресей, Әзербайжан, Молдова, Беларусь, төменде Қырғызстан, Өзбекстан, Армения, Тәжікстан тұр. 2019 жылғы рейтинг бойынша Қазақстан 83-орында болса, 2020 жылы – 40, 2022 жылы 31-орыннан көрінді.

Расында, цифрлы трансформация адамның өмір сүру сапасына тікелей әсер етіп, дамудың негізгі индикаторына айналғандықтан, киберқауіпсіздікті сақтау елдің тұтастығын сақтаумен тең. Қазір соғыстың формасы өзгеріп, ауыр артиллерияға емес, ұшқышсыз басқарылатын қару түрлері сұранысқа ие. Бәрінен бұрын интернет арқылы шабуыл жасап, елдің экономикасын тығырыққа тіреуге әбден болады. Еуропалық Одақ киберқауіпсіздік стратегиясын әзірлеп, кәрі құрлықтың киберқауіптерге ұжымдық тұрақтылығын арттыруды мақсат етеді. Қытай жаңалықтарды үйлестіру бюросы атты ведомство құрды. Бұл құрылым қытайлықтардың интернеттегі бүкіл әлеммен қарым-қатынасын бақылайды. Ұлыбритания технологиялық платформа арқылы саланы реттейді. Қазақстан Үкіметі 2023-2029 жылдарға арналған цифрлы трансформация, ақпарат-коммуникация технологиясы саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекітті. Енді киберқауіпсіздік мәселесі күн тәртібінен түспей, саланы жетілдіру негізгі басымдыққа айналды.

Ұлттық статистика бюросының дерегі бойынша 2023 жылдың бірінші тоқсанында Қазақстанда киберқауіпсіздік саласындағы қызметтер көлемі 2,9 миллиард теңгеге жетіп, 2022 жылмен салыстырғанда 41 пайызға арты. Өңірлер арасында киберқауіпсіздік саласындағы ең көп қызмет Астана қаласына тиесілі. Елордада қызмет көлемі

> Astana Hub қатысушылары жасаған стартаптардың игілігін халық түрлі салада көруде. Мәселен, Documentolog сервисін, қалада Parqour паркинг қызметін, CITIX смарт-тақтасын, UvU қауіпсіз таксиін және тағы басқасын атауға болады

1,4 миллиард теңгені құрады. Бір жыл бұрын 989,8 миллион теңгені құраған еді.

Жалпы интернет сегментінің кеңістігінде 160 мыңнан аса «kz» домені тіркелді. Ел аумағында 12 компания домен тіркеуге құқылы.

2018 жылы Ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығы құрылды. Бұл орталық мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурсын және республиканың аса маңызды ақпараттық инфрақұрылымын кибершабуыл мен киберқауіптен қорғауды қамтамасыз етеді. 2020 жылы ақпараттық қауіпсіздіктің 70 мыңнан астам бірегей оқиғасын, 2021 жылы 120 мың оқиғаны тіркеуге, 2022 жылы 28 миллион шабуылды тоқтатты.

**ЦИФРЛЫ БӘСЕКЕ – БАСТЫ КӨРСЕТКІШ**

Жаңа технологиялар жарысы соңғы онжылдықта қарқын алып, рейтинг көрсеткішісі маңызды рөлге ие. Өйткені бағалау деңгейі қай салада жоғары немесе төмен өнімділікті көрсететінін анықтауға көмектеседі.

Халықаралық менеджментті дамыту институты (IMD) технологияны зерттеу және ашу, цифрлы технологияны ілгерілету, экономиканың цифрлы трансформацияға дайындығы бойынша баға береді.

Рейтингте бірінші орында – АҚШ. XX ғасырдың 30-жылдары АҚШ алғашқы компьютерді ойлап тауып, сол уақыттан ақпараттық технологияны жетілдіруге ерекше мән беріп, бүгінде цифрлы экономика саласында көшбасшы... Штаттар цифрлы экономиканы дамытуда американдықтарды жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуді, зияткерлік меншік арқылы инновациялық технологияны ілгерілетуді, жаңа технологиялардың жаңа буынын дамытуды көздейді.

IMD цифрлы бәсекеге қабілеттілік индексін жыл сайын жаңартып отырады. 2021 жылғы зерттеу әлемнің 64 елін қамтып, алғашқы бестікке Дания, Гонконг, Швеция және Сингапур енді. 2015 жылдан бастап Дания өз азаматтарына мемлекеттік органдармен тек интернет арқылы қарым-қатынас жасауды міндеттеп, мемлекеттік органдарды цифрландыруды басымдық етті. Ал

> Қазір Astana Hub технопаркінде 1257 қатысушы бар. Hub-тың білім беру бағдарламасында 20 мыңнан астам адам оқыды және 2 мыңнан астам адам инкубациялық және акселерация бағдарламасынан өтті. Astana Hub қатысушылары IT саласында 20 мыңнан астам жұмыс орнын құрды

Эстония 2035 жылға дейінгі ұлттық бағдарлама қабылдап, соның аясында стратегиялық басымдық етті.

2020 жылы Қазақстан 36-орында болса, 2021 жылы 32-орынға көтерілді. Алайда 2022 жылы 36-орынға қайта төмендеді.

Астаны қаласы Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы цифрландыру бөлімінің басшысы Бексұлтан Қуандықтың сөзінше, елде цифрландыру egov.kz және «Ақпараттық Қазақстан-2020» бағдарламасы аясында жүргізілуде. Қазір 5G мобильді байланыс технологиясын енгізу қарқын алып, электронды коммерция үлесі өсті, цифрлы фермалар құру бойынша жұмыстар жалғасуда. Ел бойынша 50-ден астам IT-мектеп болса, соның басым көпшілігі Астана және Алматы қаласында шоғырланды. Басты-сы, Astana Hub халықаралық технопаркі ресми ашылып, IT-стартаптардың экожүйесі жүйелене бастады.

Технопарктің басқарушы директоры Алина Әбдірахманова:

– Astana Hub бес жыл бұрын ашылып, IT-бизнес үшін экожүйені қалыптастыруға, IT-таланттарды қолдауға және стартап жобаларды сүйемелдеп келеді. Яғни ақпараттық оқу, материалды инфрақұрылым, бизнесті дамыту бағдарламасы, арнайы салықтық және визалық тәртіптер тұрғысынан қолдау көрсетеді. Мұндай мемлекеттік қолдау шарасы IT компанияларға үнемделген қаражатты өз жобасын жетілдіруге, қайта инвестициялауға мүмкіндік береді. Технопарктің басым міндетінің бірі – стартаптарға венчурлық инвестиция тартуға және қазақстандық жобаларды сыртқы нарыққа шығару. Astana Hub қатысушылары жасаған стартаптардың игілігін халық түрлі салада көруде. Мәселен, Documentolog сервисін, қалада Parqour паркинг қызметін, CITIX смарт-тақтасын, UvU қауіпсіз таксиін және тағы басқасын атауға болады. Сондай-ақ JET мобильді қосымшасы арқылы скутерді жалға беру қызметі, Cerebra нейрондық желілер негізінде инсультті ерте диагностикалау бағдарламасы, CTOgram автосервисі және қосалқы бөлшектерді іздеу платформасы сарапшылар мен тұтынушылардың жоғары бағасын алды, – деді.

Қазір Astana Hub технопаркінде 1257 қатысушы бар. Hub-тың білім беру бағдарламасында 20 мыңнан астам адам оқыды және 2 мыңнан астам адам инкубациялық және акселерация бағдарламасынан өтті. Astana Hub қатысушылары IT саласында 20 мыңнан астам жұмыс орнын құрды. Қысқасы, Қазақстанда IT-нарықта кәсіби бағдарланған мамандар шоғыры қалыптасып келеді.

**ЦИФРЛАНДЫРУ – ДАМУДЫҢ КІЛТІ**

БҰҰ электрондық үкіметтің даму деңгейін анықтағанда әлем елдеріндегі онлайн қызмет индексі (OSI), телекоммуникация инфрақұрылымының индексі (TII), адам капиталының индексі (HCI) бойынша бағалайды.

Цифрлы трансформация шағын және орта бизнестен бастап, ұлттық компаниялардың дамуына оң серпін берді. Бір ғана мысал, Абу-Даби ұлттық мұнай компаниясы (Abu Dhabi National Oil Company) талдау және бақылау жүйесін цифрландырып, мұнай-кен орындарына «ақылды» технологияны енгізіп, өнімділікті арттырды. Жапония электронды өнеркәсіпті дамыту, Нидерланды цифрлы инновация арқылы өркендеудің жолын таңдады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы екі жыл сайын әлем елдеріндегі электронды үкіметтің даму деңгейін зерттеп, рейтингін жариялайды. 2022 жылғы рейтингте Финляндия, Корея, Жаңа Зеландия, Исландия көш бастады. Үздік ондыққа Австралия, Эстония, Нидерланды, АҚШ енді. ТМД елдері арасында Литва, Латвия жоғары көрсеткішке ие. Әлемнің 193 елінің арасында Ресей – 42, Украина – 46, Беларусь – 58, Грузия – 60, Өзбекстан – 69, Қырғызстан 81-позициядан көрінді. Азия елдері арасында Оңтүстік Корея, Сингапур, Жапония, Кипр және Біріккен Араб Әмірлігінен кейінгі 6-орында Қазақстан тұр.

2012 жылы Қазақстан 38-орында болса, 2014 жылы – 28, 2018 жылы –39, 2020 жылы 29-сатыдан көрінді. 2022 жылы 28-орынға көтерілді. Сөйтіп, Канада, Грекия, Польша, Италия, Португалия, Бельгия, Қытай сынды елдерден жоғары көрсеткішке ие болды.

Қазақстанда цифрлы мемлекеттік қызметтерді енгізу ТМД елдеріне қарағанда ерте басталды. Мәселен, e-gov.kz электронды үкімет порталы 2006 жылы, ал Ресейде осындай сайт 2009-2010 жылы іске қосылды.

2012 жылы ел азаматтары e-gov порталында мемлекеттік қызметтің 77 түріне онлайн режимде қол жеткізді. Бұл – барлық қолданыстағы қызметтің 11 пайызы-тұғын. Қазір 750-ден астам мемлекеттік қызметті онлайн, оның ішінде ұялы телефон арқылы алуға мүмкіндік бар. Яғни сервистік қызметтің саны әрі сапасы артып, қамту деңгейі 90 пайыздан асты. 2022 жылдың 15 шілдесінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру қызметін арттыруға арналған заңға қол қойып, соның нәтижесінде қағаз құжаттан цифрлы құжатқа толығымен көшу жалғасын табуда.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ цифрландыру үдерісін қарқынды жүргізіп, мемлекеттік қызмет түрлерін электронды форматқа көшіріп, халыққа онлайн және офлайн қызмет көрсетіп, адамдарға өз уақытын қысқартуға және қаржы үнемдеуге жол ашты. Биылғы бір ғана жаңалықты атасақ, енді ел азаматтары терминал арқылы төлқұжат пен жеке куәлікті алуға өтініш береді. Бұрын халыққа қызмет көрсету орталығындағы (ХҚКО) оператор арқылы өтініш беретін. Мұндай қызметті астаналықтар Керей-Жәнібек хандар көшесі, 4-үйде орналасқан ХҚКО-да алады.

**P.S:** ***Цифрландыру үдерісі ақылды қала тұжырымдамасын іске асыруға, мемлекеттік басқаруда ашықтық пен жариялықты ұстануға, сервистік қызмет сапасын арттыруға қызмет етеді. Сондай-ақ бизнесті дамытатын технологиялы платформа құруда, қаржы институттарының қызметін дамытуда, азаматтық қоғамның талап-тілегін білуде таптырмайтын құрал. Қысқасы, IT – төртінші өнеркәсіптік революцияны іске асыратын ауқымды да маңызды жоба.***

№112 (4545) 21/09/2023 Бейсенбі

## Әкім ТАРАЗИ:

# ЖАЗУШЫЛЫҚ – МАМАНДЫҚ ЕМЕС, ҚАСИЕТ ҚОЙ, ТІПТІ ҚАСІРЕТ




Әдебиетіміздің алыбы Әкім Тарази 90 жасқа келді!

Балалығы сонаaaу соғыс жылдарында өткен, түн ішінде, үй сыртында жалғыз өзі аспанда жыпырлаған қалың жұлдызға қарап тұрып «әкеее, келші» деп кемсеңдеп жылаған, Құдай сол аппақ, ізгі, сондай жалынышпен, аңсармен айтқан тілегін орындап, әкесі екі күннен кейін екі-үш күнге келіп қайтатын бала...

Бала күнінде бұлттардың арасынан дулыға көретін, оған ешкімді сендіре алмайтын бала, сіріңкенің бір тал шырпысы көз алдында алып дөңбекке айналып кеткенін әлденеше рет көрсе де, ешкімді сендіре алмайтын бала, тоқсанға келіп отырып бұй дейді:

«Қазір көп балалар қиялдай алмайды ғой, қиялымның күштілігі болашақта жазушы болуыма септігін тигізді ғой деп ойлаймын. Қиял да есейіп, адамның өзімен бірге дамып, өсе береді. Қалай десек те осының бәрі сана экранында алғашқы «салынған» суреттер, алғаш «түсірілген» фильмдер, алғаш «жазылған» романдар».

Әлі Алматыны көрмеген сол қиялшыл балаға жазушы деген қауым қалай елестеді екен?

Орта мектепті өзінен бір жыл бұрын бітіріп, Алматыға кеткен Әшір деген азамат Алматыға барып келіп, дүрдиіп қалыпты.

– Әй, колхоз, сендер не білуші едіңдер? Мен Сәбит Мұқановты көрген адаммын, – дейді.

Бала Әкім аузына кіріп кете жаздайды. – Қалай көрдің, қандай адам екен? – деп.

– Көк базарға бардым, жазушылардың кеңесі сонда екен... әлдекімдер «әне, Сәбит Мұқанов!» деп қалды. Қарны кебежедей біреу екен, талтаңдап барды да, мәшинеге мініп, жүріп кетті.

Бала Әкім ызадан жарылардай болады. «Суайтсың» дейді, Әшірмен төбелеседі. «Қалайша Сәбит Мұқанов көк базарда жүреді?.. Қорлау ғой! Сәбит Мұқанов көшеге шықса, сөз жоқ, оның жан-жағынан бір батальон әскер қорғап жүреді. Менің түсінігім солай еді» дейді.

Сол бала кейін Алматыға келеді. Жазушылар кеңсесінің, шынында, көк базардың ішінде екенін көреді. Сөйте жүріп Жазушылар одағының қала орталығындағы еңселі сарайға көшкенін көреді. Бір кездесуде маңдайы жарқырап Мұхтар Әуезов сөйлеп тұрғанын көреді. Әрі қарай Сәбеңді, Ғабеңді көреді. Аузын ашып, көзін жұмып, таңғалып, іштей тынып, небір күйді бастан кешеді.

Күндердің бір күнінде бір ғана размерлі аяқ киім тігетін етікші туралы «Етікші» деген әңгіме жазады. Сол Ғабит Мүсіреповтің қолына жетеді. Әңгімесінің ізімен өзі де Ғабеңнің алдынан бір-ақ шығады.

– Қайдан келгем дейсің?

– Шудан.

– Еее, Шудан да бір Шолохов шығады десеңші. Әңгімеңді оқыдым. Жақсы. Бірақ баспаймын. Ертең сағат тоғыздан қызметіңе кірісе бер! – дейді Ғабең.

Өмірінде тұңғыш рет жазған әңгімесі. Өзі де түсінбей есі шығады. Ғабеңнің әңгімені мақтауының да, баспауының да сыры бар еді. Стандартты аяқ киім тігетін етікшінің бұл қылығы әр адамның аяғы әр түрлі болса да, «сәбет адамының бәрі бірдей аяқ киім киюі керек» дегенге саяды. Ол енді саясатқа келіп тіреледі...

Міне, осылайша «әдебиет» дейтін алып теңізінің шетіне өзгеше бір ағыспен, өзгеше бір толқынмен Әкім Тарази арнасы жосыла келіп қосыла берген.

«Тәж» кітабының ең басында Тарази: «1933 жылы Алматы қаласында СТАНДАРТ көшесінде жарық дүниеге келіппін... Өз басым әйтеуір ұстаздық қызметімді тастап, ауылдан Алматыға қашқаным бар. Бірте-бірте мансап биіктері де сиқырланып шақыра берді... Ақырында стандарт қапасынан және бір қашып шықтым. Сондықтан менің өмірбаяным шенеунік боп үстел кемірген қиқы-жиқы сүрлеулермен өлшенбейді, жан тәніммен жазған шығармаларыммен айқындалады. ...Сонымен бар ғұмырым қашумен өтіп келеді. Қашқанда құтылып, іздегенде тауып жүргенге не жетсін!» деп жазыпты.

Одан кейінгі «Тасжарған», «Қорқау жұлдыз», «Москва-Баласаз» секілді кесек-кесек романдар, әңгіме, повесть, пьесалар қапастағы қоғамда еркіндік аңсаған адам жанының терең құпияларына қапысыз сүңгіген, пенде бойындағы мерездікті жебедей түйреген шығармалар болып өмірге келе берген.

Таразидің жазуы қатарластарынан өзгеше болғанын бұл күнде біраз жазушы тілге тиек етеді. «Мен әдебиетке кинодан келдім. Сана экраны. Прозаның да құпия сиқыры – экран. Өзің анық көре алсаң, оқырман да көреді. Ал шұбыртып жаза берсең, оқырманға қызық емес» депті қаламгердің өзі. Шынында, Тарази прозасында детальдар сөйлейді. Көбінесе оқиға баяндаумен емес, драмалық тартыс арқылы өзін-өзі алға жетелейді.

Өзі де драматургиямен, киносценарий жазумен айналысқан Ғабит Мүсірепов соны байқады ма екен, әйтеуір Ғабеңнің нұсқауымен Мәскеудегі жоғары сценарлық курсқа оқуға барған тұңғыш қазақ болады. Сол оқуды бітіріп, дипломдық жұмыс ретінде жазған сценарии бойынша әйгілі режиссер Мәжит Бегалин «Тұлпардың ізі» дейтін фильм түсірді. Ол фильмнің дүмпуі тіпті ерекше болды. «Қазақ киносында неге әлемдік деңгейдегі туындылар жоқ?» деген сұраққа режиссер Сатыбалды Нарымбетов: «Мен оған келіспеймін» деп екі туындыны атайды: «Тұлпардың ізі» және «Атамекен». Осыдан-ақ бұл фильмнің деңгейі туралы ой түйе беріңіз. Осы фильм туралы ой толғаған сценарий авторы былай дейді:

«Тұлпардың ізі» талқыланып жатқан. Сол күн әлі есімде.



– Сонда қалай жолдастар?! Қазақстанда совет өкіметі жоқ па? Көркейген ауылдар, көрікті қалалар қайда? Мыжырайған қоралар мен маңыраған малдан басқа ештеңе көре алмадым ғой. Түзетіңдер, қайта түсіріңдер! – деді Орталық Комитеттің екіншісі хатшысы.

– Бұл дау екі аптаға созылды. Мәжікең қасарысып көнбеді. Ақыры лентаны Мәскеуге апарып, мамандар мен шеберлерге жүгіндік. Шыңғыс Айтматовты алдырды. Сонымен лента аман қалды. Мәжікеңнің сол қайсар мінезі фильмдерінің тағдырына кері әсер етті. Бірақ суреткер иілмеді, күл-парша боп сынды. Халық суреткерінен, бірбеткей азаматынан айырылды».

Ауыр, әрине. Алайда өміршең шығарма оңайлықпен өмірге келмейді. Оның жарыққа шығуы да, өмір сүруі де жеңіл болмайды. Ол кезең белгілеп берген «даңғыл» жолмен үкімет үдесінен шығатын шығармаларды саңырауқұлақтай қаулата жаза беретіндер үшін аса қиын болмаған шығар, бірақ ұлт болмысын іркіттей ірітетін небір қитұрқы саясаттар жүріп жатқанын ақылымен түсініп, жүрегімен түйсініп, өзін қинаған жағдайларды кейіпкер жан дүниесіне көшіріп, оны бақылап отырған қырағы көздердің «тезінен» қалқалай отырып, қалың оқырманның жүрегіне, санасына жеткізу қиынның қиыны екені анық.

«Жазушы деген ұғымның түбінде сырласу жатқан жоқ па? Бізді достастырған да дүние осы. Біз бір-бірімізбен сырласа алдық, мұңымызды, дертімізді, жүрегіміздегі барды айта алдық. Жұбаттық, жол сілтедік, бір-бірімізге үміт сыйладық. Себебі жазушылықтың азап екенін сезінбей, шын жазушы бола алмайсың... Оқып, жазып жатқанда бір-бірімізге ескертеміз «мазалама» деп. Ол кезде арамызда айлап өлі тыныштық орнайды. Жазып болған соң бір-бірлеп «іннен» шыға бастаймыз. Содан кейін сынау басталады. Біз бір-бірімізді аямай сынадық» дейді тағы да Тарази.

Әкім Тарази шығармалары ылғи да кеңінен талдауды қажет етіп тұратындай. Өйткені аз сөзге көп мағына сыйдырады. «Тасжарған» романында бас кейіпкер Омардың отбасылық өмірін, Әблездің, Мәтековтің, Мұсаның шаңырағының отбасылық өмірін бөлек-бөлек баяндайды. Сол арқылы түрлі таным, түрлі көзқарастағы сол кездегі мыңдаған отбасының типтік образын ашады. Сол кезеңнің, сол қоғамның тұтас картинасын көз алдыңа әкеледі. Өзін-өзі үнемі сынап, өзін-өзі үнемі қайрап жүретін жазушының оқыған кітаптарының кей тұстарын сызып, сол тұсқа пікірлерін де түртіп отыратын әдеті бар. Бір күнделігінде «сырласым да, мұңдасым да – «Тасжарған». «Тасжарғанның» 340-бетінде өз қолыммен жазған пікірім бар екен, соны күнделігіме көшіріп қоюды жөн көрдім:

«Жазушылық мамандық емес, қасиет қой, тіпті қасірет те болуы мүмкін! 06.10.2017 ж.» деп жазыпты.

Шынында, осы «Тасжарғанды» оқығанда бізге де сондай ой келген еді, қызық! Осы ойды «Күлтәй жеңешем мен Александр Солженицын» атты әңгіме-эссесін оқығанда осы ой қолға ұстаған зат секілді анық көрініп еді. Енді сол әңгімеге туралы аз-кем тоқталайық.

«Күндердің күнінде менің құрдасым Сәкен Жүнісов Жазушылар одағында кездесіп: – Әй, Әкім, оқыдың ба? – деді. – Нені? – дедім. – Анау Солженицын деген қазақты масқара қылыпты ғой, – деді. – Мен оны дуэльге шақырам, іздеп барам, әкең... – деп қатал-қатал сөздер айтты. – Атып тастаймын мен оны барып! – деді. Кеңес Одағында 10 миллион данамен таратйтын газетте Солженицын «орыс елін көркейту туралы» ойлары баяндалған мақаласында Кеңес Одағының тарайтынын айта келіп, Одақ құрамындағы әрбір халықтарға көзқарасын білдіреді. Кейбіреуін бостандық сүйгіш деп дәріптесе, кейбірін орыс халқына пайдасыз ғып көрсетіп, ең соңында қазақтар туралы «бұлар – адамзаттың қас жауы, атқа мінген қазақ атының тұяғы жеткен жердің бәрін өз жерім деп санайды» деп қатты шүйлігеді.

...Солженицынның мынау мақаласы... «Орыс елін қалай көркейтеміз?» деген ойын айта келіп, осылай біткенде, мен, әрине, Солженицынды жақсы көре алмадым. Сәкен досым секілді тез күйіп, тез жанатын мінезім жоқ. Іште қалды бір кіжіл, іште қалды бір ашу» дейді автор.

Содан Солженицынның аштық жылдары жер аударумен қазақ даласына келгені, онда жалғыз баласына бидай апара жатқан әйелдің бидайын тартып жегені, ауылда мұғалім болғаны баяндалады. Одан «атқа мінген қазақ атының тұяғы жеткен жердің бәрін өз жерім деп санайды» деген сөзге байланысты «сен мені кешіре ғой, оқырманым, бір ғана ойды, бір ғана пікірді дәлелдеу үшін мен пақыр осыншама шегініс жасауға мәжбүр болып отырмын» деп ұзақ Мөде қаған туралы тарихқа кетеді. Осы тұста «соның бәрін сығымдап қалай жеткізіп айта аламын» деп біздің де қиналып отырған жайымыз бар. Қысқа қайыруға тура келеді.

«Мен бұл әңгімені екі рет бастаған едім, екі ретінде де аяқ алысым өзіме ұнамады. ...Міне, бүгін таң алдында, таң деймін-ау, түнгі сағат үштердің кезінде оянып алып, төсектің бір шетінде отырғанымда келген ой сол еді». «Шын мәнінде, үлкен адамнан сондай кішкентай қылмыскер шыға ма?». «Сен олай ете алмайсың!» дедім мен. Сен дегенім Александр Исайұлы Солженицын еді. «Мен» дегенім әлі төсекте отыр.

Көз іле алмай маужырап отырған Әкімді шар еткен телефонның ащы дауысы оятып жіберді. Қалихан екен... Сол Қалиханның әкесі екі жасар ұлын құшақтап, қатты қысып жатып, ұйқы үстінде өмірден өтіп кеткен ғой. Қапалықтан өлген. Әне айдап әкетеді, міне айдап кетеді деген қорқыныштан өлді ме екен? 1937 жыл еді себебі. Хат танитын адам, зиялы жігіт. Хат танитын адамды ол кезде аямайтын еді ғой өкімет.

Күллі Қазақстанды үрей буып тұрған. Біреу тұтқындалса, белгілі уақытта соның бір жақынын әкетеді. Қалиханның әкесі өзін әкететін мезет жақындаған түні жалғыз ұлын құшақтаған күйі, жалғыз ұлының тағдырына алаңдаған күйі өмірден өтіп кеткен. Шешесі Күләй өлі әкенің құшағынан тірі баласын әрең айырып алған. Содан Алтайдың қақаған ақ түтек боранында Қалиханды шанаға отырғызып алып, қайнысының үйіне барады.

Таңның атысында шыққан екі жасар ұлын шанаға отырғызып, сүйреп шыққан ана түн ортасы ауа әрең жетеді. Мынау жалғыз бала, сенің ағаңның жалғызы, осыны не істейміз деп алып келген болар. Бірақ туысқаны есігін ашпай қояды. Өйткені Қалиханның әкесінің үкімет қырына алған адам екенін біледі. «– Мен ғой, Күләшпін ғой, – деді. – Қалиханды алып келіп едім, – деді. – Ағаң жоқ үйде... – деді әйел». Бірақ ар жағынан ағасының күңкілдеген дауысы естіліп тұрды. Бір кезде әкесінің туған інісінің әйелі жарты күлше нанды лақтырып жіберді. Қалихан нанды бас салады. Анасы қорланып, баланың қолынан нанды тартып алып, лақтырмақшы болды. Бірақ бала бермей қояды. «– Әттең-ай, әттең-ай! – деп жылайды содан соң, – Сен болмасаң, мынау ит өмірде бір сәт қалмас едім. Тағдырымды бір жарым құлаш кендір арқанға тапсырар едім! – деп зарлайды. ...Бір кезде Күләш тоқтап, баласына айқай салады: – Өлмедің-ау, сен, өлмедің-ау! Сен өлсең, маған жеңіл болар еді. Мен мына әдірам қалған тірліктің құнын бір жарым құлаш арқанмен өлшер едім! Сен өлмей қойдың ғой, құ жетім, сен өлмей қойдың ғой. Еңкейіп, айқайлап, ұрысып тұрған анасының көзіндегі тырнақ басындай қос мұзды көріп үлгереді бала. Мұз. Көз жасы емес, қатып қалған екі мұз...».

«Әкеңнің өлгеніне жылап тұрған жоқпын» дейді ғой Күләш сонда. Қақаған аязда, екі жасар баланы шанаға салып он бес шақырым жүріп келгенде, туған інісі есік ашпай қойғанына қорланып жылайды.

«– Әй, Қалаға, сонда анаң айқайлап, саған ұрысқанда екі тамшы көз жасының мұз болып қатып тұрғаны шыннан есіңде ме? – дедім. Қалихан күлді. – Сенің әкеңнің ағасы этаппен кеткен еді, сенің әпкең этаппен кеткен еді. Орыстың үлкен жазушысы Солженицын этаппен Қазақстанға келген еді. Сенің әкең мен әпкең этаппен орыстың Сібіріне барған еді. Сол заман... – деп сөзімнің аржағын «жұтып қойдым». Сөзімнің аржағын жұтып қойдым. Өзіме-өзім күбірлеп айттым. Сондықтан да бұл эссені жазбасам болмайтын еді. Ішімде қалса дертке айналып кететін еді. Сондықтан да осы эссені жаздым» дейді жазушы.

Өзінің шығармашылық жолын саралай келіп, тәуелсіздік тұсында қайта басылған кітаптарына еш өзгеріс енгізбегенін айтады автор. «Тек редакторларым «колхоз», «совхоз» дегендерді «ұжымшар», тағы бірдеңе шар деп өзгертуге мәжбүрледі. Өйткені бүгінгі оқырман кеңес кезіндегі атауларды жатырқайды екен. Сондай-сондай ұсақ-түйек болмаса, мен өзім бірде-бір сөйлемді, бірде-бір сөзді түзетпедім. Бұл менің өспей қалғаным емес. Олай деп ойлама. Сол жас кезімдегі көркемдік танымнан мен әлі күнге ауытқымаппын. Демек, шындыққа әуелден жақын болғаным ғой. Сондықтан өкінбеймін, өкініш жоқ» дейді күрескер қаламгер, азапкер жазушы Әкім Тарази.

Қандай қиын өмір! Қандай ғибратты ғұмыр! Алла қазаққа осындай жазушыны бергеніне мың шүкір! Қазақ руханиятының құтындай болып отыра беріңіз, ұлағатты ұстаз! Үрім-бұтағыңыз өркен жая берсін, өзіңіз күнде санын сұрай беретін халқыңыз өсіп келеді.

**Ұларбек НҰРҒАЛЫМҰЛЫ,**
**Қазақ ұлттық өнер университетінің аға оқытушысы, PhD докторант**

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Әзербайжан 19 қыркүйек күні Таулы Қарабақ аймағына қарулы күштерін кіргізіп, әскери операция бастады. Баку «Бұл операцияның мақсаты конституциялық құрылымды қалпына келтіру, кең ауқымды арандатушылықтардың жолын кесу, армян қарулы күштерін қарусыздандыру және Қарабақ аумағынан шығару, әскери инфрақұрылымды «бейтараптандыру», сондай-ақ Әзербайжан азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету» деп мәлімдеді. Күрт ушыққан бұл жағдай халықаралық қауымдастық назарында Қарабақ аумағында үшінші ретқі қантөгіс басталар ма деген күдікті қайта сілкіп оятты.

# ҚАЙТА БАСТАЛҒАН ҚАҚТЫҒЫС



### ШЫҚҚАЛЫ ТҰРҒАН КӨЗДІ КІМ ШҰҚЫДЫ?

Армения мен Әзербайжанның шекараға әскер топтап, соғысып кетуге шақ қалып тұрғанына бір айдан асты. Міне, сол «шыққалы тұрған көзді шұқып жібергендей» 19 қыркүйек күні Әзербайжанның Қожабент аймағында 6 әскери адамы жолға қойылған минаға түсіп мерт болды. Осы оқиғадан кейін Баку Армения мен Қарабақты «теракт ұйымдастырды» деп айыптады. Ал Таулы Қарабақтағы армяндар Бакудың бұл ақпаратын терістеп, «Әзербайжан жалған ақпарат таратып, Қарабақтағы армяндарға шабуылдауға сылтау тапты» деп мәлімдеді.

Оқиғадан кейін Әзербайжан халқы Қарабақ мәселесін түбегейлі шешуді талап етіп, билікке талап қоя бастады. Осыдан кейін онсыз да техникасын топтап, сайысқа сақадай сайланып отырған Әзербайжан әскерлері «Аттан» салып, Қарабақтың армян сепаратистерінің бақылауындағы аумағына атойлап кірді. Операция басталғаннан кейін Әзербайжан Қорғаныс министрлігі ресейлік бітімгершілік күштерінің қолбасшылығы мен түрік-ресей бірлескен бақылау орталығының басшылығын «жүргізілген іс-шаралар» туралы хабардар еткенін мәлімдеді. Ал Ресей сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Мария Захарова Әзербайжан Қорғаныс министрлігінің бұл мәлімдемесін жоққа шығарды. Ол «ресейлік әскерилер антитеррорлық шара басталардан бірер минут бұрын білді» деді.

Әрине, бұл реткі әскери әрекетке «Қожабенттегі жарылыс себеп болды» деп жеңіл тұжырым жасауға келмейді. Үлкен жақтан алып айтқанда, бұл 1988 жылы басталған армяндар мен әзербайжандар арасындағы қанды қақтығыстың жалғасы болса, екінші реткі Қарабақ соғысынан кейін армян тарапының өз міндеттерін толық атқармай түлкі бұлаңға салуы, Әзербайжанға 5 жыл ішінде бейбіт жолмен қайтарылуға тиіс аумақта армян сепаратистерінің барған сайын күш алуы және олардың 9 қыркүйек күні заңсыз президент сайлауын өткізуі мұрындық болды.

### ОПЕРАЦИЯ ҚАЛАЙ ЖҮРІП ЖАТЫР?

Ақпарат көздері ұрыс Ханкенді, Агдере, Шуша бағыттарында жүріп жатқанын жазады. Әзербайжан Қорғаныс министрлігінің дерегіне сенсек, Әзербайжан әскерилері Қарабақта дәлдігі жоғары қару қолданып, 20 әскери көлікті, 40 артиллериялық қондырғыны, 30 минометті, 2 зенит-ті-зымыран кешенін, 6 радиоэлектронды станцияны қиратып, 60-қа жуық әскери бекетті өз бақылауына алған.

«Операция бейбіт халыққа бағытталмаған, тұрғындардың әскери нысандардың маңынан алыс жүруін талап етеміз» деп үндеу жасаған Әзербайжан Қорғаныс министрлігі бейбіт тұрғындарды Қарабақтағы қауіпті аймақтан эвакуациялау үшін гуманитарлық коридор мен қабылдау орталықтары ашылды деп мәлімдеді. Ал Армения Қорғаныс министрлігі болса, «Қарабақта біздің әскеріміз жоқ. Армения мен Әзербайжан атысты тоқтатуы керек» деп отыр. Ал Әзербайжан сыртқы істер министрлігі Таулы Қарабақтан армян әскери күштерінің толық шығуын, Степанакерттегі «режимнің» тарауын талап етіп, «аймақта бейбіт келісімге келудің жалғыз жолы – осы» дейді.

### ҚҰР СӨЗ ҚОРҒАН БОЛА МА?

Қақтығыс басталғаннан кейін Армения билігі Шұғыл түрде БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі мен Ресей бітімгерлік күштері Қарабақтағы соғысты тоқтатуы тиіс деп мәлімдеді. Ереванның осы талабына сәйкес, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі 21 қыркүйек күні Қарабақ мәселесі бойынша шұғыл жиналыс өткізетін болды. Еуропа Одағы болса, Әзербайжан тарапынан соғысты дереу тоқтатуды талап етті. Ресей СІМ өкілі Захарова «Ресей Әзербайжан мен Армения арасындағы қақтығысты дереу тоқтатып, келіссөз үстеліне отыруға шақырады» деп мәлімдеді. Ал АҚШ мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен «алдағы 24 сағат ішінде Әзербайжанмен және Армениямен ресми мойындалмаған Таулы Қарабақ (армянша атауы – Арцах) аймағындағы жағдайды реттеуге қатысты келіссөз өткізетінін» жариялады.

Қарабақ қақтығысы сөз болса, екі «сезімтал» ел - Түркия мен Иран еске түседі. Өйткені бұл екі ел жауласқан екі жақты қолдап отыр. Осыдан бірер апта бұрын Иран «егер Түркия Әзербайжанды қолдап, Қарабаққа әскер кіргізсе, біз қарап тұрмаймыз» деп дөң айбат танытса, Түркия да оған іле-шала жауап қайырып, «Біз әзербайжандық бауырларды қолдаймыз, егер Қарабақ мәселесіне Иран кірісетін болса, біз де қол қусырып қарап тұрмаймыз» деп мәлімдеген еді. Шын мәнінде, Әзербайжан елінің артында қуатты қолдаушы болып, Түркия тұрғаны жасырын емес, екінші реткі 44 күндік Қарабақ соғысында Әзербайжанның жеңіске жетуін Түркияның қолдауынан бөле қарауға болмайды. Ал Тегеран Әзербайжан елі күшейсе, болашақта Иран елінің тұтастығына үлкен қауіп деп санайды. Өйткені 85 миллионнан астам Иран халқының 27 пайызын әзербайжан ұлты құрайды. Бұл елде Батыс Әзербайжан және Шығыс Әзербайжан деген тарихи-географиялық облыстар бар. Иранда халық санағы ешқашан ұлттық айырма бойынша жүргізілмейтіндіктен, әзербайжандар санының нақты қанша екенін ешкім білмейді. Дегенмен 25-30 миллион шамасында деген болжам жиі айтылады. Сосын Иран болашақта ирандық әзербайжандар «Әзербайжан еліне қосыламыз» деп шу шығара ма деп қауіптенеді де, Әзербайжанның күш алғанын қаламай, әдейі Арменияны қолдап, екі елді мүйіздестіріп қоюға мүдделік танытып келген. Дегенмен, кеше Иран да күтпеген мәлімдеме жасады. Нақтырақ айтқанда, Иран Сыртқы істер министрлігі «Тегеран қашанда Қарабақты Әзербайжан жері деп санаған. Барлық мәселе осы позиция аясында реттелуі тиіс, біз Қарабақ мәселесін шешудің жолы ретінде 3+3 форматына әрқашан дайынбыз» деп мәлімдеді.

Ал Түркия басшысы Ердоған болса, 19 қыркүйек күні БҰҰ мінберінде (БҰҰ Ассемблеясының 78 сессиясына қатысып жатқан) «Армения өзі мойнына алған міндеттер мен уәделерді орындауы керек! Әуелі Зангезур дәлізін ашудан бастасын! Біздің мақсатымыз – Қарабақтағы барлық адамның бейбіт өмірін қамтамасыз ету. Қарабақ – Әзербайжандікі. Басқа статус жоқ! Біз Әзербайжанды қолдаймыз! Біз «Бір халық – екі мемлекет» деген ұранмен жүреміз» деп айқай салды.

### АРМЕНИЯДА АЛАҢДАУ БАСЫМ

Қарабақтағы жағдай күрт шиеленіскеннен кейін Армения басшысы Пашинян шұғыл түрде Армения Қауіпсіздік Кеңесінің жиынын шақырды. Осы отырыста ол «Таулы Қарабақтағы жағдайға байланысты біз әскери қимылға көшпейміз» деп мәлімдеді. Армения Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Армен Григорян да «Армения Қарабақты қорғамайды. Өйткені Қарабақ Арменияның жері емес» деп ашып айтты.

Жалпы соңғы кездері Армения да шекараға әскер топтап, қаруын сайлап жатқанымен, Әзербайжанмен қайта соғысуға ынталы емес сияқты. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, 2020 жылғы Қарабақ қақтығысында Әзербайжан Армениядан басым түсті. Ресейден алған ескі-құсқы қаруы елге қорған бола алмады, Түркиядан алған озық қару-жарақпен қаруланған Әзербайжан күштері олардың 30 жыл бойы құрған шебінің шақ-шәлекейін шығарды. Екіншіден, Ресейдің өңірдегі ықпалы әлсірей бастады. Былайша айтқанда, Ереванға қорған болам деген Ресей Украина ұрысы басталғалы өзімен-өзі әбігер. Оның үстіне, Армения тапсырыс беріп, ақшасын төлеп қойған қаруларын да уағында ала алмай отыр. Ресей ықпалындағы ҰҚШҰ (ОДКБ)-ның Арменияға жеткізген пайдасы да шамалы болды. Міне, осы сәтті пайдаланып, АҚШ-тың армяндары бауырына тарта бастауы Арменияның батысқа бет бұру ойын күшейтті. Үшіншіден, Халықаралық қауымдастық Қарабақты Әзербайжан жері деген ұстаныммен отыр. Міне, осы жағдайлар Арменияны Қарабақтан бас тартуға итермеледі.

Әзербайжандар әскери операция бастағаннан кейін Армян топтары ресейлік бітімгерлік күштерін сынап, «Армениядан Ресейдің әскери базасы шығарылсын» деп шулап, Путинді жерден алып, жерге салды әрі Пашинянның отставкаға кетуін талап етті. Сонымен қатар наразылар көшеге шығып, ел астанасында үкімет үйін басып алуға тырысты. Сонымен, полиция наразы топқа көзден жас ағызатын газ қолдана бастады да, толқудың соңы қақтығысқа ұласты. Нәтижесінде 40-қа жуық адам жарақат алды, оның 16-сы – күш құрылымның өкілдері.

### НЕГЕ ҚАРАБАҚТА ҚАН ТӨГІЛЕ БЕРЕДІ?

Таулы Қарабақ ресми түрде Әзербайжан аумағы саналады, бірақ бұл аймақта этникалық армяндар басым, оларды Ереван қолдап отыр. Әзербайжан мен Армения Таулы Қарабақ аймағы үшін 1988 жылдан бері қақтығысып келеді. 1988-94 жылдары арасындағы соғыста 30 мыңдай адам қаза болды. 1994 жылы екі ел қақтығысты тоқтату туралы келісімге қол қойған. Кейін Таулы Қарабақ этникалық армяндардың бақылауында болды. Таулы Қарабақ аймағы 1991 жылы тәуелсіздік жариялап алған. Бірақ бұл тәуелсіздік халықаралық деңгейде мойындалмады.

2020 жылы қыркүйекте Әзербайжан мен Армения Таулы Қарабақта қайта қақтығысты. 44 күнге жалғасқан бұл қақтығыстан соң Әзербайжан Таулы Қарабақтағы Степанакерттен басқа барлық аймақты, сонымен қатар Мардакерт және Мартуни қалаларын өзіне қайтарып, өңірге Мәскеу бітімгер әскерін кіргізген.

Екі тараптың келісе алмай отырған тағы бір мәселесі – Зангезур дәлізі. Бұл – Нахичеван Автономиялық Республикасының аумағы мен Әзербайжан арасын тұтастыратын маңызды дәліз. Әзербайжан өз аумағы мен Нахичеванды осы дәліз арқылы тұтастыруға талпынады, бірақ Армения оны қабылдамай келген. 2020 жылғы үшжақты келісім бойынша Армения дәліздің ашылуына келісім берген, алайда оның іске асуын кешеуілдетіп келеді. Дәлізде қақтығыс болмауы үшін оны ресейлік бітімгерлік күштер күзететін болған.

Ең маңыздысы, бұл дәліз тек Әзербайжан үшін ғана емес, Түркия, Қазақстан үшін де айрықша маңызды. Өйткені бұл дәліз түркі елдерін біріктіруші алтын көпір болады деген болжам бар. Түркиядан Нахчеванға, одан Зангезур дәлізі арқылы Әзербайжанға жетіп, кейін Каспий теңізі арқылы Орталық Азиядағы түркі елдерінің арасында тауар айналымының еселеп артуына үлкен мүмкіндік беріп қана қалмай, «Шығыс-Батыс» сауда жолының да дамуына серпін берді. Қарабақ қақтығысындағы біздің мүддеміз тоқайласатын түйін – осы.

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ҚАРЖЫСЫН ҚАЙТАРДЫ

АҚШ Иранның Оңтүстік Кореяда бұғатталған 6 миллиард долларын санкциядан босатып, Иранға қайтарды.



Миллиардтар босатылғаннан кейін Американың Иран түрмелерінде отырған бес азаматы АҚШ-та тұтқындалған бес ирандыққа айырбасталады. Бұл келісім жөніндегі келіссөздер Катарда өтіп, ол бірнеше айға созылған.

### ЭКОНОМИКАСЫ ҚҰЛДЫРАП БАРАДЫ

Германияның ішкі жалпы өнімі жыл соңында 0,5 пайызға төмендейді.



Көршілес Еуропа елдері қызметтерді экспорттауға бағытталса, Германия экономикасында өнеркәсіп басым рөлге ие. Мемлекет жылдар бойы арзан энергия көздерінен пайда көрді. Канцлер Олаф Шольцтің пікірінше, неміс экономикасына қарқын беру үшін өнеркәсіптің ғылыми бағытына бет бұрған жөн. Яғни, аккумулятор зауытын салу, электр машиналарына инвестиция құю және жартылай өткізгіштер өндірісін қолға алу – дұрыс шешім.

Жұмыссыздықтың артуы мен инфляция салдарынан кей сарапшылар Германияны «Еуропаның науқас адамына» теңей бастады. Алғаш мұндай сипаттама 1999 жылы беделді «The Economist» журналында айтылды. Ол кезеңде де бүгінгідей төменгі экспорт пен жұмыссыздықтан халық зардап шекті. Бірақ үкіметтің кешенді реформасы елді ұзаққа созылған дағдарыстан алып шығып, әлемдік көш қатарына қосты. Бірақ бұл әрекетті қайталау қаншалықты мүмкін деген сауалды экономистер жауапсыз қалдырды.

### ҚЫРҒЫЗ-ТӘЖІК ДАУЫ БАСЫЛАР ЕМЕС

Қырғызстан мемлекеттік ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Қамшыбек Тәшиев Тәжікстан Қырғызстаннан жер талап етуін тоқтатпаса, Бішкек таяуда табылған тарихи құжаттар негізінде Тәжікстанға талап қоятын болады деп мәлімдеді.



Баткенде журналистер сұрағына жауап берген Тәшиев Қырғызстан билігі шекара бойынша жаңа құжаттар тапқанын, соның негізінде қырғыздың көп жері көрші елге өтіп кеткенін дәлелдеуге болатынын айтқан. «Көршілес Тәжікстан біздің елімізден жер талап етіп отыр. Мұның орынсыз екенін айтып келеміз. Бірнеше күн бұрын жаңа құжаттар таптық. Сол арқылы Қырғызстанның біраз жері Тәжікстанға өтіп кеткенін біліп отырмыз, енді оны заңдық және тарихи құжаттармен дәлелдей аламыз. Егер көрші ел талабынан бас тартпаса, біз де заңды негізде оларға жер талабын қоямыз» деді Тәшиев.



# ҒЫЛЫМҒА АРНАЛҒАН ҒҰМЫР

Қасиетті Қорғалжын топырағы абыройы асқан атақты адамдарға кенде емес. Тарихта ізі қалған Кенжебек Күмісбеков, Дәулет Мықтыбаев, Рабиға Есімжанова сынды көптеген дарынды тұлғаларды дүниеге әкелген киелі өлкеде ел мүддесі жолында адал еңбек етіп, өнегелі істерімен, адамгершілік қасиеттерімен, басшылық қарым-қабілетімен ерекшеленгендер жетерлік. Сондай асыл жандардың бірі – саналы ғұмырын ғылымға, металлургия саласын дамытуға арнаған ғалым, техника ғылымының докторы, профессор, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сұлтанбек Қожахметов.

**Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

Ғұлама ғалым әл-Фараби айтқандай, ғылымның сарайына кіретін адамның ары таза, жан иманы кәміл, пейілі тура болуы керек. Сұлтекең әу бастан-ақ осы қағиданы берік ұстанған-ды. Оның бойына бұл қасиеттерді дарытқан әжесі Зағфран болса керек.

1935 жылы 15 қыркүйекте Қорғалжын ауданының Өркендеу ауылындағы Жуалы көлінің жағасында киіз үй ішінде өмірге келген тұңғыш немерені қазақтың дәстүрімен әжесі бауырына салып, он-он бір жасқа толғанша қойнына алып жатып, талай жыр-дастандардан сыр шертіп, өзі өмірден озғанша тәрбиелеп, еркелетіп өсіреді. Бұл әңгімелерді ол кейін Сейтжан атасынан естіген еді. Ол кісіні «ата» деп бірінші атаған да осы Сұлтанбек Мырзахметұлы болатын. Атасы Қожахмет қайтыс болғаннан кейін қайнысы Молдахметпен отбасын құрып, олардан туған Сейтжан осы Қожахметовтер әулетінің үлкен шаңырағының иесі болған соң, жолын ескерген барша бала ол кісіні «ата» деп атап кеткен көрінеді. Мұның бәрі өмірден көргені мен көңіліне түйгені көп сол данагөй әжесінің ықпалымен болғанымен белгілі.

### «ҚЫЗЫЛ» МЕКТЕПТЕН БАСТАЛҒАН БІЛІМ

Ол тұста аудан қарамағындағы ауылдарда тек төрт жылдық мектептер болатын. Бастауышты өз ауылдарында бітірген балалар жоғары сыныптарды аудан орталығындағы «Қызыл мектепке» келіп оқитын. Кейін оның жанына қырдағы малшылардың балалары жатып оқитын екі кішкентай интернат салынды. Сол кезде бастауыш сыныпты бітірген Сұлтанбек Мырзахметұлы да осы білім мекемесінің табалдырығын аттады.

«Қызыл мектеп» туралы менің де естуім бар. Қорғалжыннан шыққан атақты адамдардың дені осы мектепте дәріс алған. Өздері оқыған білім ошағын олар «қызыл академия» деп атап кеткен.

1928 жылы Қорғалжын ауданы құрылғаннан кейін арада аз уақыт өткен соң орталықта күйдірілген қызыл кірпіштен үш үй салынып, олардың төбесі, едендері, есік-терезелері ағаш тақтайлармен бекітіліп, сырланады. Әкесі Мырзахметтің айтуынша, сол үш үйдің біріншісіне аудан басшылары қоныстанса, екіншісін аудандық емхана жасап, үшінші үйді орта мектепке берген екен. Ол кезде де мектептер екі тілде, қазақ және орыс тілдерінде дәріс беретін болған.

– Бірінші сыныпқа барған кезім әлі есімде. 1942 жылдың қысы. Ол кезде қыс қатты болатын. Түнімен жауған қар үйлердің төбесін басып қалып, таңертең тұрғанда тек мұржалар ғана қылтиып көрініп тұратын. Боран деген қазіргідей емес, алай-дүлей болушы еді. Тоғызыншы сыныпта оқитын нағашы ағам Алтайжан мені мектепке арқасына мінгізіп апарып, сабақ біткен соң осылай үйге алып қайтатын. Кейін есейгенде де ол кісінің маған көрсеткен көмегі көп болды, – деп бастады әңгімесін С.Қожахметов.

Онжылдықты ойдағыдай бітіріп, Алматының ауылшаруашылық институтына құжат тапсырғанымен алғашқы емтиханнан-ақ «құлап», оқуға түсе алмай қалғанда да осы кісінің ақылын айтып, жөн сілтегенін қалай ұмытсын. Бұл кезде ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнаулы мектебін бітіріп, лейтенант атағын алған нағашы ағасы жолдамамен Ақмола облысына кеткелі отыр екен. Мән-жайды толық естіген соң жиенін алып, жолға шығады. Мұнда келген соң білімін толықтыру үшін әрі орыс тілін қосымша тереңдетіп оқу үшін басшылармен алдын ала келісіп, Қорғалжыннан тоғызыншыны бітірді деген құжатын алып келіп, оны Ақмоладағы №2 Сталин атындағы қазақ мектебіне тапсырып, оныншы сыныпты қалада қайтадан оқуға кіріседі. Сондағы бар ойы келесі жылы жоғары оқу орнына түсу болатын.

Бір күні Мәскеудің М.Калинин атындағы түсті металдар және алтын институында білім алып жүрген осы мектептің екі түлегі қысқы каникулға келіп, оқушыларға институт жайлы айтып, кітапшалар таратып кетеді. Мәскеуде мұндай институт барынан бейхабар бала сол күннен бастап әлгі екі студент тастап кеткен кітаптарды ақтарумен болады. Осы институтқа түсуге аңсары ауады да тұрады. Сөйтіп, Пушкин атындағы кітапханадан шықпай, бос уақытының бәрін емтиханға дайындалуға арнап, сол жылы орта мектепті аяқтағаннан кейін ауылдағы бір топ жолдастарымен Мәскеу қаласына жол тартады.

### МӘСКЕУДЕГІ ҚЫЗЫҚТЫ КҮНДЕР

Өзі аңқау, аққөңіл ауыл баласын алып қала бірден бауырына баса қойған жоқ. Аңқиып жүріп алданды, аузын ашып жүріп арбалды. Бірақ, асқақ арманына жету жолында кездескен қиындықтар мен сәтсіздіктерді еңсере жүріп, діттеген мақсатына қарай қадам басты.

– Менімен бірге барған балалардың барлығының құжаттары дұрыс болып шықты. Қабылдау комиссиясының бөлмесіне мен ең соңынан кірдім. Комиссияның жауапты хатшысы орта жастағы орыс әйел екен, менің қолымдағы қағаздарымды алып және өзінің дәптеріне қайта-қайта қарап: «Сіздің құжаттарыңызды біз Алматыда тау-кен металлургиялық институты болған соң, соған түссін деп, Ақмолаға қайтарып жібергенбіз. Сондықтан сізге емтихан тапсыруға жіберетін қағазды бере алмаймын» деп журналының «примечание» деген жеріне жазылған мәліметтерді көрсетті. Тауым шағылып, кері кетейін деп тұрғанда, менен кейін құжаттарын тапсырған Батыс Қазақстаннан келген қазақ жігіт жағдайымды сұрап, мән-жайға қаныққан соң, «Бұл дұрыс емес, жүр, институт ректорына кіреміз» деп мені қабылдау бөлмесіне ертіп барды да, хатшы қыздан бізді ректорға кіргізуін өтінді. Ректор бізден Қазақстанның қай жерінен келгенімізді сұрап, «Ал қандай мәселелерің шешілмей тұр?» деді. Қасымдағы жігіт пысықтау екен, көбіне сол сөйледі. Жағдайды толық түсінген соң ректор хатшысына: «Срочно ко мне пригласите ответственного секретаря приемной комиссии» деді. Тез келген жауапты хатшы әйелге біздің көзімізше дүрсе қоя берген ол бұл мәселеге қатысты шара қолданылатынын және оның өте үлкен қателік жасағанын айтып, қолыма жатақхана және емтихан тапсыруға рұқсат беретін қағаздарды бергізді. Сонымен қоса құжаттарымды институтқа жедел қайтару керек деген анықтаманы қолыма беруді бұйырды да, жауапты хатшының кешірім сұрауын талап етті. Хатшы ректордың көзінше менен кешірім сұрады, – деді Сұлтанбек Мырзахметұлы.

Осы оқу орнында білім ала жүріп, институт ректорының тек өзіне ғана емес, басқа да көптеген таныс студенттерге қамқорлық көрсеткені бар. Жалпы ол кісі жоғары деңгейдегі интеллигент адам болған. Қазақстаннан және Орта Азия республикаларынан келген көптеген жастарға қолдау білдіріп, көмектескеніне талай рет куә болды. Қаншама қызықты күндерді бастан кешірді. Әсіресе, сол институтқа абитуриент болып қабылданған күні ақша салынған дорбасын Ақмоладағы Алтайжан ағасына телеграмма жіберейін деп Октябрь даңғылының қасындағы 49-пошта бөлімшесіне барғанда сонда қалдырып кеткені, кейін «Дом коммуны» жатақханасына келіп, асханадан түскі ас ішуге барып, кассаға ақша төлей алмай, ол ақшадан күдерін үзсе де, жолдастарының айтуымен арада төрт сағаттай уақыт өткеннен кейін жаяулап қайтып барса, бұрыштағы стол үстінде сарғайып кеткен «Қорғалжын өлкесі» газетіне оралған ақшаның қасындағы дорбасымен жатқанын көріп қуанғаны, танымайтын елде бөтен адамдардан талай рет қамқорлық көргені, Мәскеуде болашақ академик, ол кезде диплом жазып жүрген студент, атақты Қаныш Сәтбаевпен алғаш рет кездескені әлі күнге дәл кешегідей көз алдында. Қайран, жастық шақ-ай, десеңізші...

КСРО-ның ірі оқу-ғылыми орталығында білім ала жүріп, ол көрнекті профессорлардың үлкен мектебінен өтті. Қырық жылдан артық уақыт өзінің ғылыми ұстазы болған Асқар Меңліахметұлы Қонаевпен бірге жұмыс істеді. Жеті жыл бойы Металлургия және кен байыту институтының директоры қызметін атқарып, өзінің күш-қуатын аяқталған жұмыстарды өндіріске енгізу қарқынын жоғарылатуға, іргелі зерттеулердің кейбір бағыттарын жаңғырту, жоғары біліктілікті ғылыми кадрлар дайындауға бағыттады.

> КСРО-ның ірі оқу-ғылыми орталығында білім ала жүріп, ол көрнекті профессорлардың үлкен мектебінен өтті. Қырық жылдан артық уақыт өзінің ғылыми ұстазы болған Асқар Меңліахметұлы Қонаевпен бірге жұмыс істеді. Жеті жыл бойы Металлургия және кен байыту институтының директоры қызметін атқарып, өзінің күш-қуатын аяқталған жұмыстарды өндіріске енгізу қарқынын жоғарылатуға, іргелі зерттеулердің кейбір бағыттарын жаңғырту, жоғары біліктілікті ғылыми кадрлар дайындауға бағыттады

Металлургиялық ғылымның танымал көшбасшысы түсті металлургия саласында жұмыс істейтін өндірісшілердің алдында үлкен беделге және құрметке ие болды. Өзіне тән жоғары парасаттылығы, ұстамдылығы мен тындырымдылығының арқасында көп нәтижелерге қол жеткізді, қызметтестері мен шәкірттеріне көңіл бөліп, қамқорлықпен қарағанын тұстастары үнемі айтып отырады.

### СӘТБАЕВ ПЕН САЛЫҚОВ – ҰСТАЗДАРЫ

Ғұмырын ғылымға арнаған жанның айналасы толған жақсы адамдар болатыны сөзсіз. Бұл ретте Сұлтекеңнің өмірде азамат болып қалыптасуына ықпал еткен ұстаздары жоқ емес. Олар – қазақ геологтарының атасы саналған Қаныш Сәтбаев пен мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Кәкімбек Салықов.

– Мәскеуде «Түсті металдар университеті» деген жоғары оқу орны болды. 1930-1931 жылдары ол «Тау-кен академиясы» деп аталды. Мен алғашында сол академияда оқыдым. Ол кейін бірнеше институтқа бөлінді. 1953 жылы мен Тау-кен институтын оқып бітіріп шықтым. Кәкімбек ағамыз да осы институтта оқитын. Біз жатқан институт жатақханасының қабырғасында Д.Қонаевтың суреті ілініп тұратын. Оның бауыры Асқар Қонаев та осы институтта оқыды. Айтпақшы, көпшілік біле бермейді, Кәкімбек ағамыз сол тұста Мәскеу қаласы бойынша самбо күресінен чемпион болатын. Оны өзі ешуақытта дәріптеген емес. Институт қабырғасында жүргенде ағамыз қолынан домбырасын тастамайтын. 1958 жылы Мәскеуде Қаныш Сәтбаевпен кездестім. Ол кісіні бұрын естігенім болса да, жақын көрмеген едім. Ағамыз атына заты сай, алып кісі екен. Бізбен кездесуде ол қазақша сөйледі. Атағы жер жарып тұрған ағамыз әрқайсымызбен жеке-жеке сөйлесіп, болашақ мақсаттарымыз туралы сұрап біліп алды. Маған берілген жолдама бойынша мен Балқаш қаласына баруым керек болатын. Қаныш ағай менің ойымды өзгертіп, нақты практикалық жұмыстан ғылымға келуіме тура ықпал етті. Қолыма берілген жолдаманы көріп, сол жерде Қазақстанның Мәскеудегі тұрақты өкілі Исағали Шәріповке хат жазып, болашағынан үміт күттіретін маман ретінде мені Алматыдағы Металлургия институтына баруыма ықпал етуін сұрады. Ол хат менде әлі сақтаулы, – деп бір қайырды әңгімесін С.Қожахметов.

Негізгі ғылыми еңбектері металлургия мәселелеріне арнаған ғалым ауыр түсті металдар мен оларға ілеспе элементтер теориясы бойынша ғылыми-зерттеу жүргізді; мыс металлургиясында тиімділігі жоғары және жаңа автогенді процестердің физикалық-химиялық негіздерін зерттеді. Жоғары температуралы зерттеу саласында тұңғыш рет термиялық орнықсыз металл сульфидтерінің төте булануы, тотығу процестерінің кинетикасы мен механизмін жасады. Оның жетекшілігімен Қазақстан және Ресей ғалымдары бірігіп ашқан автогенді процестің жаңа әдісі - кивцэттік балқыту әдісі мыс қорыту зауыттарында кең қолданысқа ие болды. Осы еңбегі үшін авторлар ұжымымен бірге Сұлтанбек Мырзахметұлына КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

2004 жылы израильдік ғалымдармен бірге жарияланған жұмыстары үшін С.Қожахметов пен оның аспиранты Е.Кенжалиев Америка Құрама Штаттарында минералдар, металдар және материалдар Халықаралық Қоғамының экстрактивті металлургия бойынша лауреаттарының құрметті атақтарын иеленді, ал 2005 жылы ТМД ғалымдарымен бірлескен ғылыми еңбегі үшін Киевтегі «Алтын Фортуна» халықаралық академиялық танымалдық рейтингінің лауреаты атанды. Ол – 600-ден астам ғылыми еңбектер мен өнертабыстардың, оның ішінде 10 шетел патенттерінің (АҚШ, Канада, Жапония, Австралия, Франция және т.б.) авторы. 11-сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған Сұлтанбек Мырзахметұлы «Халықтар достығы» орденінің және көптеген медальдардың иегері.

Қандай қызмет атқарса да адамдарға қолына келген көмегін аямады. Кезінде Дінмұхамед Қонаев тұрған «Дом коммуны» жатахқанасында тұру бақыты бұйырыпты. Өмірлік жары Гүлшара Абуқызымен де осы алып қалада, КСРО астанасы болған Мәскеуде танысыпты.

### АЛПЫС ҮШ ЖЫЛ БІРГЕ

1958 жылдың жазында Сұлтанбек Қожахметов Мәскеудің түсті металдар және алтын институтын бітіріп, қолындағы Қ.Сәтбаев берген шақыру қағазымен Қазақ ССР Ғылым академиясының металлургия және кен байыту институтына жұмысқа орналасады. Екі жылдан соң Гүлшара Абуқызы оқуын бітіріп, диплом алған кезде екеуі шаңырақ көтереді. Биыл – отасқанына 63 жыл. Жарты ғасырдан астам уақыттан бері қосылған қос өзен секілденіп, өмірдің ащысы мен тұщысын, қаттысы мен дәмдісін қатар көріп, қол ұстасып бірге ғұмыр кешіп келеді.

Алматы облысының Балқаш ауданындағы Балқаш көлінің солтүстік жағалауындағы Сары-Гумей деген ауылда туып-өскен қыздың балалық шағы халқымыздың ғасырлық қасіреті ашаршылық зұлматына тұспа-тұс келгендіктен тағдырдың кермек дәмін ерте татты. Кінәсіз сотталған әкесі 1933 жылы елге аман-есен оралғанымен, 1942 жылы көп ауырмай қайтыс болады.

Соғыс аяқталғанша анасы мектепке бермей, тоғыз жасқа тақап қалған кезде ғана мектеп табалдырығынан аттаған Гүлшара Абуқызы 1945 жылдың қыркүйек айында Алматыдағы Ташкент көшесі мен Пушкин көшелерінің қиылысында орналасқан Мәлік Ғабдуллин атындағы №52 мектептің бірінші «В» сыныбында қабылданады. Бұл орысша мектепте тек қыздар оқитын.

Үздік оқушыны мұғалімдер көп қоғамдық жұмыстарға тартып, ол звено санитары, кейіннен отряд бастығы болды. Бірге оқитын қыздардың қолдары мен киімдерінің тазалығын тексеріп, тәртіптерін бақылап жүріп, Наталья Степановнаға көмектесетін. Жоғары сыныптарда дружина кеңесінің төрағасы, кейіннен мектептегі комсомол ұйымының хатшысы болып оқушылармен ұйымдастыру жұмыстарын атқарып, көпшілікпен дұрыс сөйлесе білуді, көпшілік ортада өзін ұстауды, олармен жұмыс істеу әдістерін меңгеріп, көп тәрбие алады.

Өзі хат танымаса да, қызының болашағынан зор үміт күткен анасы оны өнер мен спортқа баулып, балет тобына жаздырады. Кейін хорға қатысып, гимнастикамен де айналысады. Бірақ, бесінші сынып оқып жүргенде жанына жақын адамы - анасы қайтыс болып, Сара апасы мен Шағыр жездесінің қолында тұрып, осы үйдің балаларымен бірге бойжеткен қыз мектепті тек бестік бағалармен бітіріп, Мәскеудегі тоқыма институтына құжат тапсырады. Оқуға түскен соң жеңіл және тоқыма өнеркәсіп саласындағы дүние жүзіне белгілі ғалымдар мен атақты адамдардан оқып, білім алумен қатар КСРО астанасындағы әйгілі ескерткіштер, театрлар мен концерттік залдарда болып, дүние жүзі мәдениетінің жетістіктерімен танысуға мүмкіндік алады. Екінші курста оқып жүргенде Сұлтанбек Мырзахметұлымен танысады.

Жоғары оқу орнын ойдағыдай тәмамдап, 1960 жылдың қыркүйек айында Алматыдағы Жергілікті өнеркәсіп министрлігінің «Казгипроместпром» институтының технология бөліміне бас технолог болып жұмысқа орналасқаннан кейін екі жылдай осы инстиутта жобалау жұмыстарымен айналысып, тәжірибе жинақтаған соң, лауазымдық өсу баспалдақтарынан өтеді.

Бүгінде ұлы Қабдраш пен келіні Айнаштан екі немере, жеті шөбере сүйіп, ата-аналық бақытқа бөленіп отырған ерлі-зайыптылар балаларын ешбір адамның ала жібін аттамауға, кісінің жолын кеспеуге, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетуге, ұрлық-зорлыққа жоламауға, өтірік-өсектен аулақ болып, көпке адал қызмет етуге тәрбиелеумен келеді.

Адам ұрпағымен мың жасайды. Ендеше, ғұмырларын ғылымға арнаған ғалымдар балапандарының бақытына бөлене берсе екен дейміз біз де.

# БОЛЫСТЫҢ БОЛМЫСЫ

## немесе Спан Макин туралы не білеміз?

Біз бұл есімге арнайы ат басын бұрмас бұрын Спан Макин деген кім, ол не үшін қызыл саясаттың қаһарына ілікті, бұл кісі туралы басылымдар мен архив құжаттарында қандай тарихи деректер сақталған деген сияқты бірталай сұраққа жауап іздеп көрген болатынбыз. Сондай деректің бірі «Сарыарқа» газетінде сақталыпты. Мұнда: «Жиырмасыншы ғасырдың басында Столыпиннің реформасынан соң қарашекпенділер (орыстар) қазақ даласына шұбырып келе бастайды. Олар ең бір құнарлы жерлерге рұқсатсыз үй сала бастаған. Сол кезде Ақмола түбіндегі Тайтөбеге келген орыстарды Темеш руының Спан деген болысы баспаналарын бұзып, өздерін қамшының астына алып, қуып жібереді» деп баяндалады.

Сәкен Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу» кітабында сол кезеңдегі ұлт басылымдары жайлы айта келіп, «осы газеттерді оқып, Қазақстанның қай жерінде не болып жатқанын сырттан бақыладық. Қазақ комитеттерінің көбінің-ақ саяси жолы, әлеуметтік ісі, біздің Ақмоланың облыстық комитеттерінен өзгеше емес, көбі-ақ бір қалыпта. Комитеттердің басында қазақтың бұрынғы үлкен оқығандары: адвокат, судья, доктор, чиновник, переводчиктер – байдың балалары. Ал бұларды билеуші – молдалар, ишандар, бұрынғы жуан болыстар. Мысал келтірейік» дей келіп, Оралдағы революциялық комитеттің жұмысына қатты қарсылық көрсеткен Салық Омарұлын (Сырым батырдың ұрпағы) сынайды және осы жағдайды Ақмоладағы оқиғалармен салыстырады. «Ақмолада. Оралдағы Салық тәрізділер біздің Ақмолада да тыныш қарап жатқан жоқ, олар да біз отырған комитетті қамады. Олар да біздің көзімізді жоғалтуға күштерін салып бақты. Бізді «дінсіз» деп, «елді бұзушылар» деп сөз жүргізіп бақты. Талай жерде бізбен айқасып, ереуілдеп жүрді. Бірақ оларды біз топтап, қуалап жүрдік. Бір күні мынадай іс болды.

Біздің комитеттің кеңесі еді. Күндіз сағат он екі кезі. Комитет кеңесіне «Жас қазақ» ұйымының да мүшелері келіп отыр еді. Кеңес құпиялау болған соң, бөтен кісілерді кіргізбей, есік алдында поштабай тұр еді. Комитеттің айналасында, алдында, күндегідей қақтыққан, қайнаған жұрт. Бір мезгілде есіктің сыртынан тасыр-тұсыр шықты. Күжілдеген сөздер естілді. Есіктің сыртында тұрған поштабайдың даусы шықты. Есікке таласқандай болды. Күжілдеген дауыстар көбейіп, есікті солқылдатты... Қызарып, қысылып, есікті қысып ашып поштабай үйге кірді.

– Бірталай кісі «кіреміз» деп болмайды, – деді.

– Ол кімдер? – дедік.

– Басы Сыпан болыс, – деді.

Сыпан болыс – Ақмолада мықты, атақты, белгілі болыстың бірі. Патша заманында жиырма бес жыл болыс болған. Бірақ Салықтай емес, қу, «ақылды», «сыпайылау» адам.

– Кіргізбе, кеңес құпия, – дедік.

Поштабай шықты. Тағы да күжілдеген дауыстар шықты. Шаң-шұң, опыр-топыр болды. Есікті жұлып алып, комитеттің кеңесі үстіне бір топ кісі, Сыпан болыстар кіріп келді.

– Сіздерге не керек? – дедік.

– Не керек болсын, біз де осы сөздеріңнің ішінде боламыз, – деді Сыпан.

– Жоқ, біздің кеңесіміз қазір құпия, сіздерге отыруға болмайды, – дедік.

– Қазір не құпия бар? Қазір құпия болмайды. Біз де отырамыз, – деді.

Азырақ қызарандастық. Біздің комитеттің мүшесі қазынашымыз Нұржан Шегиұлы деген жолдасымызға Сыпан болыс:

– Ей, Нұржан! Сен былшылдама! К...қыс! Сенің ол отырған орның керек болса, маған оп-оңай! – деді.

Сүйтіп, біраз ереуілдесіп, комитеттің сөзін бөліп, Сыпан болыс нөкерлерімен шықты.

Оралдағы, Жымпитыдағы Салық болыс тәрізді емес, Сыпан – жанжалға бармайтын адам. Салық Жымпитыда, бір ретте, уездік комитетті көп кісілермен келіп шауып, бір комитет мүшесінің көзін ұрып шығарған» деп С.Макиннің бет-бейнесін, тұлғалық қырын саяси тұрғыда аз-кем сипаттап өтеді.

Қуғын-сүргін құрбанына қатысты архивте сақталған мұрағаттармен танысқанымызда, Сыпан Мәкіұлы (Сыпан болыс), мал өсіруші, бай-феодал, Темеш руынан екені, ал 1933 жылы архив деректері бойынша жасы 70-те болғаны (енді бір құжатта 71 жаста дейді), Ақмола уезінің Нұра, Ақмола болыстықтарында 1894 жылдан 1916 жылға дейін болыс қызметін атқарғаны, 1921 жылы сайлау құқығынан айырылып, 1926 жылы сайлау науқанында ұлттық топтарға жақын болғаны үшін тұтқынға алынғаны, 1927 жылы Ақмола губерниялық сотының көшпелі сессиясының шешімімен 5 жылға еңбекпен түзеу колониясына Ақмола, Семей, Қостанай губернияларынан тыс жерге жер аударылғаны, 1933 жылы 31 наурызда Ақмолада қайта тұтқынға алынғаны туралы құжаттар табылды.



*Ақмола көпестері. Оң жақтан бірінші Спан Макин. 1908 ж.*

Тергеу хаттамасында Спан Макин: «1927 жылы 4 жыл құқығымнан айырып, 5 жылға сотталдым. Октябрь революциясының 10 жылдығына орай Жоғарғы сот менің сот үкімін бұзу туралы өтінішіме байланысты жазамды 2 жылға қысқартты және 3/1 рақымшылық жасалды. Жазамның 16 айын Ақмола еңбекпен түзеу колониясында өтедім. 1928 жылы тамыздағы ҚазССР-ның заңына байланысты жартылай феодал ретінде есепке алындым, сол бойынша кәмпеске мен жер аударылуға тиіс едім, бірақ соттың шешімі бойынша 1928 жылы Шымкент қаласына айдалдым. Сол жерде 2 жыл болып, Шымкент округінің Сарысу ауданына көштім. Сарысу ауданынан өмірдің қиындықтарына байланысты 1932 жылы қазан айында Шортанды ауданының «Степняк» алтын кенішіне көшіп келдім, әйелімнің туысқандарына, қазір осында тұрып жатырмын. Айдаудан оралған соң Ақмола қаласында 3 рет болдым, бірінші ретте Сарысудан келе жатқанда қалдырған түйелеріме келдім, оларды осында саттым, екінші ретте сол сатылған түйелердің ақшасын алып, нан іздедім, ал соңғы рет осы жолы Торгсинге (шетелдіктермен сауда жасайтын бүкілодақтық бірлестік) – алтын, күміс, бағалы тастар, ескі бағалы бұйымдар мен шетелдік ақшаларды азық-түлікке немесе басқа да тұтынатын тауарларға айырбастайтын мекеме) күміс, монета, бұйымдар әкелдім. Алтын әкелмедім, алтыным жоқ, күміс әкелдім, салмағын білмеймін, алтынға шаққанда 8 рубль 80 тиын болды, бұл ақшаның құнына 40 келі ұн алдым, оны базарда сатып, орнына мануфактура алдым, мақсатым «Степняк»-та, яғни Шортанды ауданының ауылдарында сату үшін. Сарысу ауданынан шығарда аудандық әкімшілік бөлімінен 3 айға демалыста болады деген анықтама жасатып алдым. Бұл және басқа да құжаттарымды «Степняк» қалалық кеңесі алып алды шамамен осы жылғы ақпан айында. Маған тағылған айып бойынша айдалған жерден кетті деген айыппен келісемін, алыпсатарлық дегенмен келіспеймін, өйткені ұнды үйге дейін жеткізуге мүмкіндік жоқ, сондықтан барған жерімде азық-түлікке айырбастайтын мануфактура алдым» деп жазды. Алайда соған қарамастан 1933 жылы 14 мамырда 71 жастағы Спан болыс (бойы 1 метр 62 см., шашы қара, көзі сұр түсті) Ақмола халық сотының шешімімен Қылмыстық кодекстің 82, 107-баптарымен жауапқа тартылады. Сөйтіп 6 жылға бас бостандығынан айыруға шешім қабылданады. Республикалық комиссияның қарауынан кейін денсаулығына байланысты босатылып, 1933 жылдың 8 маусымынан мәжбүрлі еңбекке 1 жылға жегіледі, 1934 жылы қайтыс болады.

**Спан болыстың көзі тірі ұрпақтарын іздестіру барысында біз Астана маңындағы Қосшы қаласында оның тікелей ұрпақтары тұратынын естіп-білдік. Аты-жөні – Барлыбай Олжабайұлы. Жазықсыз жапа шеккен саяси қуғын-сүргін құрбаны жайындағы тарихи деректерді Барлыбай Спановтың аузынан жазып алған тың мағлұматтармен толықтыра түсуді жөн санадық.**

– Атамыз 2 рет айдауда болған. «27 жыл болыс болды» деген атағы өзіне ауыр тиген. Әрине, 27 жыл бойы үнемі болыс болмаған, інілерімен ауысып отырған. Тоқберген, Өтеген, Сағынбай, Төлеубай және өзімен – бес ағайынды болған. Бәрі шетінен көзі ашық, оқыған, Мәкінің балалары, Омбыда, Ақмолада гимназияларда сауаттарын ашқан. 1928 жылы Әулиеатаға айдалған, Ақмоланың болысы келді деп, ондағы жұрт жылу жинап берген.

Атамның әлдебір жанашырлары оған «ауырды» деген анықтама қағазын алуға қол ұшын беріп, ауылға қайтарып жібереді. Екі қызымен, құндақтағы баласымен арып-ашып ауылға жетеді. (Бұл жерде Спан Макиннің 1933 жылы денсаулығына байланысты түрмеден босатылған соң елге келгені туралы айтып отыр – Ғ.И.) Өзгерген ауыл. Үрейге бой алдырған халық. Нұраның жағасында ағаштан салынған қонақ үйі, өзі тұратын, жалшылары тұратын үйлері, қысқасы, болыстық дәрежедегі үлкен үй-жайы болған. Құрылыс материалдарын сонау Омбыдан өгіз арбамен тасыған деседі. Кезінде Спан болыстың үйлері тұрған жерде қазір №56 мехколоннаның демалыс орны тұр. Репрессиядан бұрын әлгі ағаш үйлерді бұзып, 1928 жылы Тайтөбеге онжылдық мектеп салған. Бұл үйлерден қалған үш ағаш үй әлі бар. Бұдан кейін 32-жылдары ұлдарға арналған және олардан бөлек қыз-балалардың «Жетімдер үйі» болған. Осы үйде кезінде Рахымжан Қошқарбаев та тәрбиеленді. Қазір бұл үйде Халық батыры Рахымжан Қошқарбаев тұрғаны жөнінде ескерткіш тақта орнатылған. Кейін ол 1940-жылдары интернатқа айналды. Ақмола ауданы 10-ауыл кеңесінің Сыпан Мәкіұлының табысы мен ауқаты жайындағы жөндеу қағазда мынадай мәліметтер көрсетілген: 1917 жылға дейін 1000 гектар шабындық жері болған, 40 десятина егін салған. Асты-үсті тақтайланған 4 бөлмелі кірпіш үйі, Ақмола қаласында 2 бөлмелі ағаш үйі, 6-7 қанат 2 киіз үйі, 40 жылқы, 20 өгіз, 10 түйе, 10

> Ақмола ауданы 10-ауыл кеңесінің Сыпан Мәкіұлының табысы мен ауқаты жайындағы жөндеу қағазда мынадай мәліметтер көрсетілген: 1917 жылға дейін 1000 гектар шабындық жері болған, 40 десятина егін салған. Асты-үсті тақтайланған 4 бөлмелі кірпіш үйі, Ақмола қаласында 2 бөлмелі ағаш үйі, 6-7 қанат 2 киіз үйі, 40 жылқы, 20 өгіз, 10 түйе, 10 бұзаулы сиыр, 50 қой-ешкісі, машина саймандары, пәуескесі болған. 1933 жылы 6 сәуірдегі бұл құжатта қазіргі уақытта бұл айтылғандардың бірі де жоқ, кәмпескеленген дейді

бұзаулы сиыр, 50 қой-ешкісі, машина саймандары, пәуескесі болған. 1933 жылы 6 сәуірдегі бұл құжатта қазіргі уақытта бұл айтылғандардың бірі де жоқ, кәмпескеленген дейді.

Атам келген уақытта ауылдың адамдары оған сәлем бермек түгілі, сөйлесуге қорыққан екен.

